

САРАПТАМА

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІС

Аймақтың тұрақты дамуына қауіп қайдан?

2

РЕФЕРЕНДУМ – 2024

АЭС – ЭНЕРГИЯ
ТАПШЫЛЫҒЫН
ЖОЯТЫН МЕГАЖОБА

6

МӘСЕЛЕ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
ТӘУЕЛСІЗДІККЕ
ҰМТЫЛЫС

7

МЕГАПОЛИС

«ALMATY MARATHON 2024»

Орталық Азиядағы ең ауқымды жарысқа биыл әлемнің елуден астам елінен 15 600 адам қатысады

2024 жылдың 29 қыркүйегінде кезекті он үшінші Almaty Marathon өтеді. Almaty Marathon ұйымдастыру комитеті Оңтүстік астананың тұрғындары мен қонақтарына 29 қыркүйекте марафон күні жолдарда қозғалыстың ішінара жабылатыны туралы хабарлайды. Сөре мен мәре дәстүрлі түрде Республика алаңында өтеді.

29 қыркүйекте сағат 6.20-дан 12.30-ға дейін марафон қашықтығы өтетін жерлерде жол қозғалысы ішінара жабылады. Спортшылар қашықтықты өткеннен кейін жолдар ашылады. Нақты қай көшелер жабылатыны туралы толық ақпаратпен aqshamnews.kz сайтынан таныса аласыздар.

Орталық Азиядағы ең ауқымды жыл сайынғы «Almaty Marathon» жүгіру жарысының қашықтығы өзгеріссіз қалады: бұл дәстүрлі түрде 10 км спутниктік жарыс, 21,1 км жартылай марафон және 42,2 км марафонның өзі. Скандинавиялық жүріс жүргіншілері үшін 10 км қашықтық, ал корпоративтік қатысушылар үшін «Экиден» эстафетасы ұсынылады (Команданың алты мүшесі үшін 42,2 км алты қысқа қашықтыққа бөлінген). Марафон бағыттары қаланың қақ ортасы арқылы өтеді, бұл қатысушыларға Іле Алатауының әсем таулары мен Алматының көрікті жерлерінің панорамалық көріністерін тамашалауға мүмкіндік береді.

Almaty Marathon миссиясы – спортты барлығына қолжетімді ете отырып, белсенді өмір

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №82 (6533) 27 қыркүйек, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН»

мұражай-қорығы мемлекет қорғауына алынды

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі енді мемлекеттік қорғауда болады. Еліміздің Премьер-Министрі Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Әлемге белгілі тарихи ескерткіш – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген алғашқы қазақстандық нысан және ортағасырлық сәулет өнерінің бірегей ескерткіштеріне жатады.

Тарихи жәдігердің маңыздылығы мен тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып, сондай-ақ оның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығын мемлекеттік қорғауға жататын объектілер тізбесіне енгізу туралы шешім қабылдады.

Объектінің қауіпсіздігін ішкі істер органдарының тиісті бөлімшелері қамтамасыз етеді. Кесене Түркістан қаласында түркі ақыны және сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи жерленген орында тұрғызылған.

Кесене сегіз бөлмеден тұрады. Олар Тайқазан тұрған ортадағы ең үлкен залды айнала орналасқан. 1385–1405 жылдар аралығында кесененің төңірегіне қосалқы ғимараттар салынған. Бүгінде мұражай-қорық аумағына мешіт, Үлкен және Кіші Ақсарай залдары, кітапхана және шаруашылық кешені: құдық, асхана, тұрғынжайлар (хұжралар) және т.б. кіреді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.09.2024

Түнде: +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз: +12+14 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

28.09.2024

Түнде: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.aqshamnews.kz

салтын дамыту. Ұйымдастырушылардың алдында: қоғамды әлеуметтік жауапкершілікке тарта отырып, әр адамға игі іске өз үлесін қосуға мүмкіндік беру қайырымдылық миссиясы да тұр. Барлығы 12 жыл ішінде қор командасы Алматы және Алматы облыстарында 277 млн теңгеден астам сомаға 30-дан астам қайырымдылық жобаларын іске асырды. Осы уақыт ішінде ондаған футбол алаңдары, альпинистік алаңдар, спорт алаңдары және сенсомоторлы интеграцияны, қозғалтқыш жүйесін дамытуға, сондай-ақ балаларды қоғамдағы өмірге бейімдеуге арналған арнайы жабдықтар орнатылды.

Өткен жылы іс-шара 1377-ден астам бала үшін 8 қайырымдылық жобасын іске асыра

отырып, рекордтық 65,5 млн теңге жинады. Жыл сайын жарысқа қатысушылар санының өсуімен қор қазақстандық балаларға спортқа қосылуға мүмкіндік беретін қайырымдылық көмек көлемін ұлғайтуда. 2023 жылы 44 елден 14 мыңға жуық жүгіруші жарысқа қатысты. Қор идеясы елдің имиджін халықаралық деңгейде насихаттауда. Almaty Marathon-ның қала экономикасына қосқан үлесі де маңызды: сауалнама деректері бойынша өткен жылы 1000-ға жуық қатысушы екі күндік іс-шара кезінде 16,8 мың АҚШ долларына (7,9 миллион теңге) сатып алды. Бұл соманың 39% басқа қалалар мен елдердің қонақтарымен жұмсалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАПТАМА

Біріккен Ұлттар Ұйымы:

«БОЛАШАҚ САММИТИ»

қазіргі және келешекте туындайтын мәселелердің бірлескен шешімдерін табуға бағытталған

Қыркүйек – халықаралық қатынас пен әлемдік саясатта маңызды орын алатын ай. Себебі, жыл сайын БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясы осы айда өтеді. Биыл ұйымға мүше мемлекеттердің өкілдері 79-рет жиналды. Еліміз тарапынан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу бастаған делегация Нью-Йорк қаласында өтіп жатқан сессия жұмысына қатысуда. Отандық делегация басшылығы сессия аясында бірнеше маңызды кездесулер өткізді. Солардың негізгілеріне тоқталайық.

Қазақстан көпжақты ынтымақтастыққа мүдделі

22–28 қыркүйек аралығында Мұрат Нұртілеу бастаған делегация Нью-Йоркте өтіп жатқан БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-сессиясы аясында бірнеше маңызды кездесулер өткізді. Еліміздің сыртқы саяси ведомство басшысы жалпы пікір-таласта сөз сөйлейді. Бұдан басқа, 22-23 қыркүйекте «Болашақ саммитіне» қатысып, жоғары мінберде сөз сөйледі. Саммитке БҰҰ-ға мүше елдердің мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, сыртқы істер министрлері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Мұндай жаһандық іс-шара БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің бастамасымен өткізіліп, қазіргі және келешекте туындайтын мәселелердің бірлескен шешімдерін табуға бағытталған.

Саммитті Бас хатшының өзі ашып берді. А.Гутерриш өз сөзінде ХХІ ғасырдың сын-қатерлері ХХІ ғасырдың шешімдерін талап ететінін баса айтты. Ол шешімдер жан-жақтылық пен инклюзивтілікке, бүкіл адамзаттың тәжірибесіне сүйенуі тиіс деді. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы халыққа Жолдауында ұсынылған жаңа

экономикалық моделінің өзегінің бірі «инклюзивтілік» екенін айта кеткен жөн. Бұл – Қазақстанның жалпы адамзаттық құндылықтарды жоққа шығармай, керісінше ұлттық ерекшеліктерімізбен үйлестіру бағытын тандағанымыздың дәлелі.

Мұрат Нұртілеу өз сөзінде көпжақты ынтымақтастықты арттыруға, Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау және климаттың өзгеруі, ядролық қауіпсіздік және цифрлық трансформация сияқты сын-қатерлерді шешуге бағытталған жаһандық күш-жігердің маңыздылығын атап өтті. Қазір әлемде геосаяси текетірес күшейді.

«Әлемге дипломатия мен диалог қажет»

Климаттың өзгеруіне қарсы күресте геосаяси текетірес «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға» кедергі болып отыр. Қала берді, ядролық қауіп мәселесі осы текетірес аясында тағы да көтерілуде. Осыған орай: «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, орта державалар мен дамушы әлемнің дауыстары күшейтіліп, Қауіпсіздік Кеңесінде анық естілуі тиіс. Геосаяси дүрбелең мен экономикалық белгісіздік кезеңінде әлемге дипломатия мен диалог қажет», – деп атап өтті М.Нұртілеу.



Демек, еліміз БҰҰ-ны реформалау дегенде Қауіпсіздік Кеңесін мензеп тұр. Мұндай бастаманы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы БҰҰ Бас ассамблеясының сессиясында көтерген болатын. Яғни біз Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелер санын арттыруды ұсынып отырмыз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 5 мемлекет оның тұрақты мүшелері болып келеді. Қазақстан орта державалар мен дамушы елдер есебінен кеңес мүшелерінің саны артуы керек екенін айтуда. Бұл өз кезегінде мүдделер қақтығысын азайтып, көпжақты ынтымақтастықты дамытпақ.

Маңызды кездесулер өтті

Қазақстандық делегация БҰҰ Бас ассамблеясы сессиясы аясында ТМҰ, ЭЫҰ, ЭЫҰ-АСЕАН, ҰҚШҰ, «С5+1» диалогы елдерінің СІМ басшыларымен кездесулерге, сондай-ақ БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер тобының жыл са-

йынғы кездесуіне қатысуды жоспарлап отыр. Бұдан басқа, М.Нұртілеу басқа елдерден келген әріптестерімен және түрлі халықаралық ұйымдардың басшыларымен жүздесуде. Мысалы, сапардың алғашқы күні, «Болашақ саммиті» аясында М.Нұртілеу Сербияның Сыртқы істер министрі Марко Джуричпен, Албанияның Сыртқы істер министрі Игли Хасанимен, Анголаның Сыртқы істер министрі Тете Антониомен және Моңғолияның Сыртқы істер министрі Батмунхийн Батцэцэгпен екіжақты кездесулер өткізді. Келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары талқыланды.

Елімізге инвестиция тарту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Сыртқы саяси ведомство басшысы америкалық жетекші компаниялар «PepsiCo», «Google», «Mastercard», «Citi» өкілдерімен кездесті.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты БҰҰ Хатшылығында тіркеу және жариялау үшін қажетті құжаттар табысталды. Геосаяси текетірес заманында шекаралық мәселелердің шешілуі өзекті екені сөзсіз. Екі бауырлас ел басшыларының саяси жігерінің арқасында осындай маңызды құжатқа қол қойылды. Енді БҰҰ деңгейінде шарт мойындалуда.

Сонымен қатар, еліміздің сыртқы саясатындағы түркілік бағыт бойынша да маңызды кездесу ұйымдастырылды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-шы сессиясы аясында Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеудің төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің бейресми отырысы өтті. Кездесу барысында қатысушылар ТМҰ шеңберінде ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін, сондай-ақ 2024 жылғы қарашада Бішкекте өтуі жоспарланған Ұйымның 11-ші Саммитіне дайындық мәселелерін талқылады. Бұған қоса, БҰҰ мен ИЫҰ сияқты халықаралық ұйымдармен ТМҰ-ның ынтымақтастығын нығайтуға ерекше назар аударылды.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІС

Аймақтың тұрақты дамуына қауіп қайдан?

Көптеген ғылыми еңбектер біздің ғасырымыздағы ең үлкен проблема ретінде климат өзгерісін атайды. Бұл жаһандық құбылыс қазіргі өзінде әр елге, әр отбасыға, әрбір адамның өміріне тікелей әсер етіп жатыр. Соған қарамастан, қоғамда мұны жай ғана теория ретінде қарайтындар әлі де бар. Адамдардың мұндай салғырттығына мәселенің тым ауқымдылығы да себеп болып отырса керек. Яғни климат өзгерісі тұтас жаһандық құбылыс, оған менің қатысым жоқ, маған әсері де шамалы дейтін көзқарас басым болуы мүмкін. Сол үшін жаһандық құбылыстың аймақтардағы, әсіресе елдердегі, тіпті шағын өңірлердегі әсерлерін қарастырудың маңызы зор.

Осы орайда климат өзгерісінің Орталық Азияға қалай әсер етіп жатқанына тоқталып, аймақ елдерінің болашақ дамуына мұның қаншалықты кері әсері бар деген сұрақты қарастырып көрейік.

Аймақтағы климаттық өзгерістер

Аймақтағы климаттық өзгерістің нақты белгілерін тасқын су, орман өрттерінің жиілеуі, жазғы аптап ыстық уақытының ұзаруы, маусымдардың ұзақ-қысқалығындағы өзгерістер, өзен арналарындағы су деңгейі немесе кейбір маусымдық өзен арналарының түбегейлі құрғауы, сондай-ақ, ең жоғары және ең төменгі температуралар арасындағы парықтардың өсуі қатарлы көрсеткіштерден көруге болады. Бұдан он жыл бұрын халықаралық зерттеу орталықтары Орталық Азиядағы мұздықтардың жылдам еріп жатқанын айтып, дабыл қаққан еді.

Айталық, Женева университеті 2001–2011 жылдар аралығында аймақтағы ең ұзын тау сілемі – Тянь-Шань тауларындағы мұздықтар-

дың 0,1–0,8%-ға дейінгісі еріп кеткенін анықтаған. Қазіргі зерттеулер мұздықтардың еру қарқыны бұдан 3 есеге тездегенін көрсетеді. Нәтижесінде осы ғасырдың орта шенінде аймақтағы мұздықтар түгелге жуық еріп кетуі мүмкін деген қауіпті болжамдар жасалды. Өндіріс пен тұрмыста су ресурсына деген сұраныс жыл сайын жоғарылап келе жатқан аймақта бұл баса назар аударатын мәселелердің бірі ғана.

Дүниежүзілік банктің де Орталық Азиядағы климат өзгерісінің болашақ даму үрдісіне болған әсерлерін қарастырған зерттеу жұмыстары бар. Онда аймақ елдерінің климаттық өзгерістерге қатысты іс-әрекеттерінің жеткілікті деңгейде болмай отырғаны тұжырымдалған. Есептерге сәйкес, аймақ елдерінде климат өзгерістеріне қарсы іс-шараларға бағытталған инвестициялар үнемі кешеуілдеуге ұшырап жатады. ДБ зерттеулерінде бұл үрдістің болашақтағы өтемі тым ауыр болатынын да ескертеді. Климат өзгерісіне қарсы нақты шаралар қолданылмаса Орталық Азия елдерінің құрғақшылық пен су тасқынына кететін экономикалық шығындары жыл сайын ЖІӨ-нің 1,3 пайызын құрайтынын болжайды.

Зерттеулер көрсеткендей, соңғы ширек ғасырға жуық уақытта Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстанды қамтыған аймақта орташа температура 2,1 Со-ға жоғарылаған. Бұл жаһандық үрдістен 0,3 Со-ға көбірек. Көптеген ғылыми зерттеулер 2050 жылға қарай Орталық Азияда егін шығымы қазіргімен салыстырғанда, 30 пайызға азаятынын растап келеді. Егін шығымының мұншалық деңгейде төмендеуі аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігімен қатар оның тұрақты дамуына да зор ықпал ететін фактор болып қалуы мүмкін.

Себеп-салдары қандай болмақ?

Климат өзгерісі – Орталық Азияның болашақ даму мүмкіндігін тежейтін негізгі фактор-

дың бірі. Оның әсерінен тұрақты дамудың түрлі кедергілері пайда болуы мүмкін. Негізгі бағыттары мыналар: энергетика, ауыл шаруашылығы, азық-түлік, су, жайылым және өндіріс салаларында анық көрініс табады. Соның ішінде ең елеулісі – су тапшылығы және құрғақшылық. Аймақтың өзі құрған және жартылай құрғақ климаттық белдеуге жататындықтан, шөлейттену мен құрғақшылық салдары жыл сайын арта түседі. Осы негізгі өзгерістер әсерінен аймақта ішкі көші-қонның ұлғаюы (Дүниежүзілік банктің есебінше климат өзгерісінен аймақта 5,1 миллион адамға дейін миграциялық ағын пайда болуы мүмкін) пайда болады, таза су тапшылығы және қалалардағы ауа сапасының бұзылуы, экстремалды ауа райының құбылыстары, ормандардың сиреуі және биологиялық әртүрліліктің азаюы, электр энергиясының тапшылығы сынды толып жатқан салдарлары бар.

Ең алдымен, климат өзгерісі барлық елдің ішкі қоғамына, оның негізгі құндылықтарына әсер етуі мүмкін. Өйткені, бұл осы аймақтағы барлық елдің экономикасына тікелей әсер етеді. Энергия шикізаты, өзге де қазба байлыққа сүйенетін аймақ елдері үшін энергияны алуда да қазба отындардың үлесі жоғары. Жыл сайын арта түскен экономиканың қажетіне қарай энергия өндірудің де көлемі ұлғая түседі. Оның өзі де климат жағдайын тіпті де ауырлай түсуіне әкеліп соғуы бек мүмкін.

Қолымыздан не келеді?

Ауқымды жаһандық құбылыс алдында жекелеген мемлекеттер, әрине, дәрменсіз күйде. Дегенмен, халықаралық бірлескен іс-қимылдар өз нәтижелерін беруде. Париж Климат саммитінен кейін әлем елдері парниктік газ шығарындыларын қысқартуға келісті. Бұл дегеніміз, аймақ елдері де қазірден тартып жасыл энергия көзін дамытуға тиіс. Халықаралық қауымдастық аймақ елдерін осы ба-

ғытта бірлесіп әрекет етуге шақыруда. Көршілес елдер тізе қосып, басты шараларды қабылдауға да бейім. Өйтсе де, оған түрліше кедергілер де жоқ емес. Сөйтсе де, алдағы жылдары бірлескен жобаларға инвестиция көлемі кеңейіп күтілуде.

Осы бағытта аймақ елдері мына маңызды қадамдарды ұсына алады:

- Аймақ тұрғындарының ақпараттық қолжетімділігін арттыру. Климат өзгерістеріне қатысты әр елдің және тұтас аймақтың жылдық есептері кеңінен таратылып отыруы;
- Азаматтарды ынтыландырудың заманауи тетіктерін жетілдіру;
- Барлық салаларда ауызсуды үнемдеудің озық бағдарламасын қабылдау;
- Өндірісті, мемлекеттік және жеке кәсіпорындарды жасыл энергия қолдануға ынтыландыру;
- Аймақ деңгейінде «жасылдандыру» иерулерін ұйымдастыру, шөлейттенуге қарсы шөлге төзімді өсімдік түрлерін жетілдіру, т.б.

Қазір елімізде және аймақта маңызды саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалар жүзеге асырылып келеді. Үкіметтер ұзақ мерзімді, орта мерзімді стратегиялық даму жоспарларын бекітуде. Осы шешімдердің бәрінде дерлік климат өзгерісі жіті назарда ұсталуы тиіс. Себебі, бұл – аймақтағы әр азаматтың өмір сүру сапасы мен әр елдің болашағына тікелей әсер ететін құбылыс.

Естай БОЖАН, сарапшы.





ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«АЛМАТЫ-БАЙСЕРКЕ-ТАЛҒАР»

магистральды газ құбыры Алматы агломерациясының экологиясын жақсартуға ықпал етеді



тасымалдау жүйесін кеңейту қолданыстағы «Алматы-Байсерке-Талғар» бір желілік газ құбырының тоқтап қалмауының алдын алып, төтенше жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.

«Қуаныш құтты болсын!» деп сөзін бастаған «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов: «Мемлекет басшысының Алматы Жылу энергетикалық орталықтарын көмірден газға ауыстыру тапсырмасына сәйкес, «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральды газ құбырының екінші тармағын аяқтадық. Біздің еншілес компания – «ИнтерГазОрталықАзия» да, мердігер компания – «Кагам» ЖШС бұл жұмыстарды белгіленген кестеден ерте, сапалы түрде бітірді, бәріне алғыс білдіремін. Маңыздысы, бұл нысанның іске қосылуы оңтүстік-шығыстағы осы бір ірі мегаполистің аспанының ашық болуына, Алматы агломерациясының экологиясын жақсартуға ықпал етеді», – деді «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Энергетикалық қауіпсіздікті нығайтады

Басқарма төрағасы «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральды газ құбырының екінші тармағының Алматы индустриалды аумағын, жаңа бизнес орындары мен инвестициялық жобаларды да газбен қамтамасыз ететінін атап өтті. Сондай-ақ, қала маңындағы елдімекендер де осы тармақ желісі арқылы газбен қамтылатын болады. Ең басты мақсат – осы ауқымды жоба Алматы қаласының энергетикалық қауіпсіздігін нығайту. «Нысан ел игілігіне қызмет етсін!» деп сөзін ерекше жігермен аяқтаған Санжар Серікбайұлы осы жобаға қолдау көрсеткен Үкіметке, «Самұрық-Қазына» АҚ-ына, Энергетика министрлігіне, Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдігіне зор ризашылығын білдірді.

«Алматыдағы ЖЭО-1, ЖЭО-2 орталықтарын газбен қамтуға қатысты жұмыстардың аяқталуы – біз үшін аса қуанышты жаңалық. Бұл жоба Алматы қаласы мен Алматы агломерациясының тұтынушыларын, соның ішінде қаламыздағы жылу-электр стансаларын табиғи газбен сенімді әрі үздіксіз, толық қамтитын болады. Бұл әрі өсіп келе жатқан өңірді газбен қамтуда төтенше жағдайдың болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл жағдай көміртегіден неғұрлым таза экологиялық отын – газға ауыстыру алматылықтар мен іргелес аймақ тұрғындарының өмір сапасына әсер етеді, – дейді Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев.

Алматы жылу электр орталықтарының газға көшуі – шаһар тұрғындарының көптен күткен қуанышы. Көмірден газға өткізген жағымды жаңалық шаһарымыздың экологиялық ахуалының айтарлықтай жақсаруына ықпал етері анық. Жылу-энергетикалық орталықтарына тартылған сыртқы газ инфрақұрылымының құрылысы аяқталды. Демек, ЖЭО-2, ЖЭО-3 жанынан өтіп бара жатып эәулім тұрбадан қою қара түтіннің орнына көкшіл сұйық түтін көрінер кез алыс емес. Жағымды жаңалыққа үкілі үміт артқан халықпыз. Мұның соңын жақсылыққа баладық. Алматы қаласы мен Алматы облысының, яки Алматы агломерациясының газ тасымалдау жүйесін кеңейту кәсіпкерлік пен өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуына жана серпін берері сөзсіз. Шаһарымыз шырғайланып, аспанын торлаған бұлттың ұзамай сейілерін сездік. Бұл да болса, өңір экономикасына мультипликативтік әсер берері анық.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Бұл – ЖЭО арналған газ инфрақұрылымының төртінші нысаны. Оның ұзындығы – 62,4 км, диаметрі – 530 мм, өткізу қабілеті – сағатына 1 000 000 м³.
- Сыртқы газ инфрақұрылымын дайындау төрт ауқымды нысанның құрылысын қамтыды. ЖЭО-2 мен ЖЭО-3-дағы екі автоматты газ тарату стансасындағы өнімділік – сағатына 250, 150 м³ текше метр.
- Алматы-Байсерке-Талғар мен Қазақстан-Қытай газ құбырлары арасындағы өткізу өнімділігі – сағатына 1 млн текше метр. Мұны құрайтын «ТІР-04» газ құбырын жалғастырғыш.
- Былтырғы қарашада екі автоматты газ тарату стансасы мен ТІР-04 газ құбыры мерзімінен бұрын пайдалануға берілген болатын.

АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов, басқа да сала қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Газ жүйесін күшейтеді

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральды газ құбырының екінші кезеңі іске қосылуда. Бұл – аса маңызды жоба. Себебі, бұл энергетика мен газ жүйесін күшейтеді. Бұл жоба арқылы біз Алматы қаласын қосымша газбен қамтамасыз етеміз. Мемлекет басшысының алға қойған тапсырмасымен 2026 жылдың аяғына дейін Алматының ЖЭО-2, ЖЭО-3, көмір электр стансаларын отынның қатты түрінен газға айналдыратын боламыз. Магистральды газ құбырының екінші тармағы аталған нысандарды табиғи газбен тұрақты түрде қамтамасыз етуге ықпал етеді. Президентіміздің өзі «Таза Қазақстан» акциясы жайлы атап айтқандай, жобаның басты көздегені – жергілікті жердің экологиялық ахуалына жағымды әсер етіп, ауа сапасын арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту», – деді «Самұрық-Қазына» АҚ ҰӘҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов.

Әлбетте, бұл жобаның жүзеге асуын көмірсутегі бейтараптығына жетуге қосылған сүбелі үлес деуге болады. Жобаға сәттілік тілеген «Самұрық-Қазына» АҚ ҰӘҚ басқармасының төрағасы өз сөзінде Qazaqgaz, «ИнтерГазОрталықАзия», Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімшілігіне алғысын айтты. Сонымен қатар, газ



«АЛМАТЫ-БАЙСЕРКЕ-ТАЛҒАР» МГК 2-ШІ ТАРМАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚ

QazaqGaz Алматы қаласындағы ЖЭО сыртқы газ инфрақұрылымының құрылысын аяқтады.

Айнабай
МӘДИ

Экологиялық таза қуат көзі

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің инфрақұрылымына қатысты өзекті мәселелерді шешу қажеттігіне айрықша тоқталып, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керектігін атап айтқан болатын. Бүгінге дейін еліміздегі ең ірі мегаполис – Алматының аспаны ашылып, ластанып бара жатқанын аңғарған Мемлекет басшысы бұл қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға қатысты тапсырма берген.

Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Соның бірі – осы кезге дейін пайдаланып келген көмірді газға ауыстыру арқылы экологиялық ахуалымызды сауықтыруды қолға алу. Әлі күнге дейін ЖЭО-да, өндіріс орындарында көмір жағып, төңіректі қара түтінге көміп отырған рас. Сондай ауқымды аймақтың бірі де бірегейі – Алматы қаласы. Мемлекет басшысының қыркүйектегі Жолдауындағы жетінші мәселе «Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек» деп аталады.

«Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс», – деп атап өтті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының осы сөзінен көп ұзамай-ақ, еліміздің оңтүстік-шығысында «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральды газ құбыры екінші тармағының құрылысы аяқталды. Алматы шаһары маңындағы маңызды салтанатты шараға «Самұрық-Қазына» АҚ ҰӘҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев, Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев пен «QazaqGaz» ҰК»

АЛМАТЫ – АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ»

«ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ»

қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты азайтудың негізгі шарты

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде жүзеге асырылып жатқан «Алматы – адалдық алаңы» жобасы барысында «Парасатты ұрпақ үшін» қоғамдық қоры Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінде «Құқықтық мәдениет – қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты азайтудың негізгі шарты» тақырыбында семинар-конференция өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалада бұл жоба бес жылдан астам уақыттан бері жүзеге асырылып келеді. Басты мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық деңгейін қысқарту,

сыбайлас жемқорлықты жалпы қабылдамауды қалыптастыру, адамгершілік қағидаттарын белсенді дәріптеу.

Сыбайлас жемқорлыққа арналған семинар-конференцияда халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға, құқықтық ықпал ету тетіктеріне, қоғамның құқық-

тық санасын қалыптастыру стратегиясын әзірлеуге және тиімді жүзеге асыруға қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Жиынға жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі департаментінің және Қоғамдық даму басқармасының өкілдері, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында маманданған тұлғалар мен заңгерлік палаталардың төрағалары қатысты. Конференцияның мақсаты – құқықтық мінез-құлық үлгісін сіңіру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерін қалыптастыру және қоғамдағы жемқорлық деңгейін төмендету.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльмира ТАУБАЕВА, «Алматы – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің Алматы ауданы бойынша жетекшісі:

АЗАМАТТАР ЗАҢГЕРЛЕРДЕН КӨМЕК АЛА АЛАДЫ

Қазіргі таңда әлемнің біраз елінде белең алған қауіпті дерттердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, қоғамдық сананың өзгеруіне түрткі бола аламыз. Әр азамат саналы түрде өз позициясын жоғары қойып, жемқорлыққа қарсы әрекет етуі маңызды. «Адалдық алаңы» жобасы тұрғындарға тегін құқықтық кеңес беру үшін қаланың сегіз ауданында жұмыс істейді. Сенім телефоны арқылы хабарласып, заңгерлерден көмек ала алады. Аудандардағы жоба жетекшілері азаматтарды апта сайын қабылдайды. Құжаттарды дұрыс толтырып, тек заң жүзінде әрекет етуге жол сілтейміз.

Өкінішке қарай, халық арасында құқықтық сауаттылық өте төмен. Соның кесірінен әртүрлі жағдайға тап болып жатады. Қазір ең маңызды мәселе – несие. Азаматтардың дені несенің пайызы мен төлем шартына қарамай, қол қойып, ақшаны алғанша асығады. Ал қарызды өтеуге келгенде, заң алдындағы міндеттерін білмей, үйі мен мүліктерінен айырылып қалып жатқан жағдайлар өте көп. Денсаулық пен білім саласында, салық бойынша бірнеше жылдан бері шешілмеген мәселелерім де келеді. Заңгерлік кеңес беріп, сотқа жеткен істерге де көмектесеміз.

ТҰСАУКЕСЕР

БРИФИНГ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Алматыда Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өңірлердегі Қоғамдық кеңестер жұмысының тиімді тетіктері талқыланды. Іс-шараға басқа өңірлерден келген қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам мәселелерімен айналысатын сарапшылар қатысты.

Қоғамдық кеңестер жергілікті жерлердегі мәселелерге және олардың тиімділігін арттырудың шешімдерін табуға баса назар аударды. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы Бекнұр Кисиков шешімдерді қабылдауға жұртшылықтың қатысуының маңыздылығын атап өтті. Ол Алматы қоғамдық кеңесінің табысты жобаларына тоқталды, мысалы, жергілікті билік органдарымен бизнес-ортаны дамыту жөніндегі бірлескен бастамалар қалалық инфрақұрылымды айтарлықтай жақсартқанын атап өтті.

Ақтөбе облысының өкілі Майра Қадралина халықпен өзара іс-қимылдың сәтті жобалары туралы айтып берді.

«Біздің облыс тұрғындарын тол-

ғандыратын негізгі проблемалар – жол мен экология. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдармен бірлесіп жолдарды тексердік және қазір енгізіліп жатқан ұсыныстарды бердік. Сондай-ақ, балабақшаларға, мектептерге және жер қойнауын пайдаланушы компанияларға мониторинг жүргізілді. Су тасқыны кезеңінде біздің кеңес зардап шеккендерге көмек көрсету үшін бірыңғай цифрлық базаны әзірледі, бұл адамдарға қажетті қолдауды алуға мүмкіндік берді», – деп атап өтті М.Қадралина.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшесі Болат Ахметов өз өңіріндегі білім беру мен инфрақұрылымның сапасын жақсартуға, сондай-ақ бюджеттің атқарылуына назар аударды.

Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағасы Гүлнар Қожахметова ауданның негізгі мәселелеріне тоқталды.

«Мен қоғамдық кеңеске келгенім де бірінші кезекте мәслихат бекіткен жұмыс жоспарын жасадым. Мен назар аударған бірінші нәрсе – ветеринария мәселесі және жалға берілетін пәтерлерге заңсыз орналасу», – деп бөлісті ол.

Алматы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Нұржан Жақыпов қоғамдық кеңес арқылы қала тұрғындарының қаланың дамуына қатысу мүмкіндіктері туралы айтып берді.

«Мен цифрландыру, экономика, туризм және кәсіпкерлік мәселелерімен айналысатын комиссия құрамындамын. Біз сарапшыларды жұмысқа тартамыз. Алматының кез келген тұрғыны қажетті құжаттарды ұсынып, өз құзыреттілігін растай отырып, сарапшы бола алады», – деп атап өтті Н.Жақыпов.

Пікірталасқа қатысушылар қоғамдық кеңестердің қызметі туралы халықтың хабарлар болу деңгейін арттыру қажеттігін атап өтті.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

КӨРКЕЙЕМІЗ, ГҮЛДЕЙМІЗ!

Алматының қай ауданы бағдарламаға қатысуда белсенділік танытты?

«Халық қатысатын бюджет» қалалық бағдарламасына өтінім қабылдау 9 қыркүйекте басталды. Екі апта ішінде шаһар тұрғындарынан budget.open-almaty.kz сайтына шамамен, 2500 өтінім келіп түсті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Қазіргі кезде ең көп ұсыныс Жетісу ауданында, 24 қыркүйектегі мәлімет бойынша шамамен, 700 өтінім түскен. Екінші орында Наурызбай ауданы, оның тұрғындары сайтқа 500 өтінім орналастырған.

Тұрғындар негізінен, мына бағыттар бойынша жобалар ұсынады: күрке орнату және жөндеу, балалар және спорт алаңдарын орнату, орындықтар, қоқыс жәшіктері, ойын және демалыс жабдықтары мен құрылғыларды қоғамдық орындарға орнату, аулаларды, көшелерді көгалдандыру және жарықтандыру.

2025 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша идеяларды жүзеге асыру үшін биыл 25 қыркүйекке дейін budget.open-almaty.kz порталында өтінім беру қажет болатын. Аталмыш бағдарлама арқылы аулаларды, көшелерді және қала аудандарын көріктендіру бойын-



ша ұсынысты кез келген кәметел жасқа толған тұрғындар бюджет қаржысы есебінен ұсынбақ.

Айта кетейік, байқау өтінім қабылдау, сараптамалық бағалау, жобаларды жетілдіру, түзетіліп, толықтырылған ұсыныстарды қарау, дауыс беру, дауыс беру нәтижесін қорытындылау, бюджеттік өтінімді қалыптастыру, жобаларды жүзеге асыру сынды 8 кезеңнен тұрады.

Өтінімде жобаның атауы, сипаттамасы, орналасқан жерінің мекенжайы, жобалық ұсыныстың шамамен алынған суреттері, схемасы немесе эскизі және сметасы болуға тиіс. Бір өтінімнің сомасы 92,3 млн теңгеден (25 мың АЕК) аспауы керек.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ТАУДА ЖҮРСЕҢ, АДАСПАЙСЫҢ!

Алматыда тауға арналған ақпараттық материалдар әзірленді

Алматы тауларында қауіпсіз туризмге бағытталған жаңа ақпараттық материалдар: бағыт (маршрут) атласы, карта мен практикалық нұсқаулық жарық көрді. Сондай-ақ, мұнда қаламызда туристердің жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін тау бағыттарының атласы мен картасы бар.

Алматы қаласының Туризм басқармасы мен Almaty Tourism Bureau ұйымдастырып, ұйытқы болған туристер мен қала тұрғындарының тауда қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған ақпараттық материалдың маңызы айрықша. Тау маршрутының атласы мен картасынан басқа «Тау шындары мен қауіпсіздік» атты кітапшасында осы ақпараттық материалдың табасыз.

Тау бағыттарының атласында аймақтағы бес танымал бағыт туралы ақ-

парат жинақталған. Атласта тек маршруттардың сипаттамасы ғана емес, сонымен қатар жорыққа дайындық бойынша ұсыныс, қажетті құрал-жабдықтың болуы, жергілікті жерде бағдар алуға қажет кеңес пен қауіпсіздік ережесі берілген. Бұл атлас таудағы демалысты ұнататындарға таптырмас құрал атанып, сенімді серік боларын сеземіз.

Тау бағыттың картасы Кіші Алматы мен Үлкен Алматы шатқалдарының бағытын қамтиды. Онда навига-

ция ыңғайлы етіп, қажетті шартты белгілер көрсетілген. Әлбетте, бұл жағдай туристерге жергілікті жерде оңай бағыт алуға мүмкіндік бермек. Аталған карта Алматының табиғи сұлулығын тереңірек зерттегісі келетін әуесқойға да, тәжірибелі туристерге де пайдалы құрал болары сөзсіз.

«Тау шындары мен қауіпсіздік» кітапшасы – тауда қауіпсіз әрекет етуге арналған практикалық нұсқаулық. Бір қызығы, онда туристер бетпе-бет келуі мүмкін қауіп-қатерлер де қарастырылған. Кітапша біркүндік, сондай-ақ көпкүндік жорыққа арналған тізімді қамтуымен де айрықша. Мұның өзі туристерді кез келген сапарға сақадай сай дайын тұруға ұмтылдырады.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
отбасынан басталады

«Жасыл сандықша» балалар ертегісінің қазақ тіліндегі бірінші жинағының тұсаукесері өтті. Алматыда Freedom Life ӨСК жаңа жобасын ұсынды. Аталмыш жоба 6–8 жас аралығындағы балаларды қаржылық сауаттылық негіздеріне ертегі арқылы үйретуге бағытталған.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тұсаукесер кезінде Freedom Life ӨСК өкілдері мен қонақтар балаларды жастайынан қаржылық сауаттылыққа үйретудің маңызын атап өтті.

Ертегілер жинағы Freedom Camp жобасы шеңберінде құрастырылған. Бұл жоба Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (АРРФР) қолдауымен 2019 жылдан бері жүзеге асып келеді. Бүгінге дейін 6000 астам бала Freedom Camp бағдарламасы шеңберінде қаржылық сауаттылық бойынша тегін сабақ оқыды.

АРРФР қаржылық сауаттылықты арттыру басқармасының басшысы Сәуле Ынтықбаева агенттік балалар мен жасөспірімдердің қаржылық сауатына көңіл бөліп, қаржылық мәдениетінің ерте қалыптасуына назар аударатынын айтты.

«Қаржылық сауаттылық – қаржы мәдениетінің негізгі элементі. Бұл ұғым отбасында басталады. Сондықтан балаларды қаржылық сауаттылыққа барынша ерте үйреткен маңызды. Балаға ақшаның маңызын түсіндіру, жеке бюджетті құрастыру және кез келген затты ақылмен сатып алу, цифрлық ортада қауіпсіздікті сақтау, алаяқтардан қорғану тәсілдеріне

үйрету қажет. Қаржылық сауаттылықты арттырумен айналысқанымызға біраз уақыт болды. Fingramota.kz цифрлық платформасы арқылы қаржы құралдарын онлайн пайдалану кезінде киберқауіпсіздік туралы хабарлаймыз. Қазіргі уақытта интернет алаяқтық – киберқылмыстардың ең кең тараған түрі. Біздің мақсат – халықтың ақшасын қорғау және алаяқтармен күресуге үйрету», – деді ол.

Ал Freedom Life ӨСК басқарма төрағасы Азамат Ердесов өз сөзінде белсенді қаржы ұйымы мен жас өскіндер үшін маңызды қадам екенін атап өтті.

«Біздің жасымыздағы азаматтар цифрлық сервисті меңгеруді жаңадан бастауда. Балалардың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау өте маңызды», – дейді.

Тұсаукесер соңында Freedom Life ӨСК және ҚР Ұлттық кітапханасы меморандумға қол қойып, кітапты салтанатты түрде ҚР Ұлттық кітапханасына және Алматы қаласындағы мектеп кітапханаларына табыстады.

Fingramota.kz – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша АРРФР жобасы, ол қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020–2024 ж.ж. концепциясы шеңберінде жүзеге асады.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі: ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ АРТАДЫ

Жедел жәрдем көрсету қағидаларына өзгерістер енгізілуде

Соңғы күндері бірқатар БАҚ басылымдары мен интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерде жедел жәрдем қызметі төртінші санаттағы шақыртуларға тәулік бойы қызмет көрсетуді тоқтатуы мүмкін деген ақпарат тарады. Осыған орай Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасы жарияланды.



«Азаматтардың жедел жәрдемнің келуінің кешігуі туралы көптеген өтініштеріне жауап ретінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі талдау жүргізіп, жағдайды жақсарту үшін шешімдер ұсынды. Талдау нәтижелері шақыртулардың 50%-дан астамы шұғылдың төртінші санатына жататынын көрсетті. Бұл емханаларды қоса алғанда, медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының (МСАК) бақылауындағы созылмалы аурулары бар пациенттерге қызмет көрсетуді білдіреді.

Осыған байланысты министрлік Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету стандартына және Жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына өзгерістер жобасын әзірледі. Өзгерістер кейбір БАҚ дұрыс жеткізбегендей, үйде қызмет көрсетуді тоқта-

туды білдірмейді, керісінше медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға бағытталған.

Дәрігерді үйге шақыртуларды тіркеуге және үйдегі стационарларды ұйымдастыруға қатысты тармақтар құжаттың құрылымын жақсарту үшін жобаның басқа бөліміне ауыстырылды, бірақ олар күшінде қалады. МСАК-тың медицина қызметкерлері алдыңғы стандарттың шеңберінде үйде көмек көрсетуді жалғастырады.

Денсаулық сақтау министрлігі қызмет көрсету сапасы мен азаматтардың қанағаттанушылығын арттыру үшін медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады», делінген министрліктің баспасөз қызметінің хабарламасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ДСМ Баспасөз орталығы).

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖҮРЕК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ЖҮРЕГІҢІЗ АУЫРМАСЫН!

Жүрек-қан тамыры ауруларының қаупін қалай азайтуға болады?

29 қыркүйекте аталып өтетін Дүниежүзілік жүрек күні қарсаңында Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жоғары санатты кардиолог, қалалық кардиологиялық орталықтың кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Зульфия Мақашеваның қатысуымен брифинг өтті. Сарапшы қауіп факторлары, алдын алу әдістері және жүрек-қан тамырлары ауруларын ерте диагностикалаудың маңыздылығы туралы айтты.



тұрақты физикалық жаттығулар жасау жүрек-қан тамырлары денсаулығын сақтауға көмектеседі. Ол аптасына кем дегенде, 150 минут жүру, жүзу немесе велосипед тебу сияқты аэробты жаттығуларға көңіл бөледі ұсынады.

Кардиолог сонымен қатар, теңдестірілген тамақтанудың маңызын атап өтті.

— Тамақтану рационы талшыққа, омега-3 май қышқылдарына және қаныққан майға бай тағамдар болуы керек. Бұл холестериннің қалыпты деңгейін сақтауға және жүрек ауруларының алдын алуға көмектеседі, — деп толықтырды ол.

Дәрігер Қазақстанда белсенді жұмыс істейтін заманауи скринингтік бағдарламалар ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектесетінін атап өтті.

— Скринингтік тексерулер ауруды ерте кезеңде немесе оған бейімділікті анықтауға, оңтайлы емдеуді таңдауға және алдын алу шараларының кешенін тағайындауға көмектеседі. Артериялық гипертония мен жүректің ишемиялық ауруын ертерек анықтауға 40 жасстан асқан, 2 жылда 1 рет, осы ауру бойынша диспансерлік есепте тұрмайтын ерлер мен әйелдер шақырылады, — деп қорытындылады З.Мақашева.

ӨКҚ спикерінің мәліметінше, 2024 жылы Алматыда 145 979 адам скринингтік тексеруден өтті, бұл 9992 пациентте жүрек ауруын ерте сатысында анықтауға мүмкіндік берді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуының негізгі себептерінің ішінде дәрігер тұқым қуалау бейімділігін, жоғары қан қысымын, жоғары холестерин деңгейін, темекі шегуді, семіздікті және қозғалысы аз өмір салты екенін атап көрсетті.

— Бұл факторлар миокард инфарктісі және инсульт сияқты жүрек ауруларының қаупін арттырады. Ауруды асқындырып алмау үшін оларды бақылау өте маңызды, — деп атап өтті З.Мақашева.

Ол сондай-ақ, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу өмір салтын өзгертуді қажет ететінін еске салды.

— Темекі шегуден бас тартып, тұзды азайтып, физикалық белсенділікті арттырып, дұрыс салмақты сақтау қажет. Тіпті, тамақтану мен күнделікті режимдегі азғантай өзгерістердің өзі жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін айтарлықтай төмендетуі мүмкін, — деп кеңес берді ол.

Сарапшы сонымен қатар, физикалық белсенділіктің жүрек денсаулығы үшін маңыздылығына назар аударды. Оның айтуынша,

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ



ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ

құрылысы норманы сақтамаған

Алматының қала құрылысын бақылау басқармасы Жамақаев көшесінде салынып жатқан тұрғын үй кешенінің жобадан ауытқығаны туралы хабарлады.

Атап айтқанда, «Benta» ЖШС тапсырыс берушісі Autograph ТҮК қабаттылық нормасын бұзған. Эскиздік жобаға сәйкес, нысан 3 қабат + техникалық қабаттан тұруы керек. Алайда, қазір кешеннің оңтүстік-батыс жағында 4 қабат, солтүстік-шығыс жағында 3 қабат бар. Сонымен қатар, нысанның ең биік жері шамамен 18 метр, ал рұқсат етілген биіктік 12 метрден аспауға тиіс.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы Алматы қаласы Мәслихатының шешімімен және

әкімдіктің ұсынысы негізінде құрылыс ережесіне бірқатар өзгеріс енгізілген болатын. Соның ішінде әл-Фараби даңғылынан жоғары орналасқан ғимараттар үшін 3 қабаттан аспайтын, жергілікті қабатты қосқанда, 12 метрден биік болмауы тиіс деген шектеулер бар.

Қазіргі уақытта Autograph ТҮК-нің құрылыс-монтаждау жұмыстары тоқтатылып, бір ай ішінде бұзушылықтарды түзету және нысанды рұқсат беру құжаттамасына сәйкестендіру туралы нұсқама берілді.

Айта кету керек, талаптарды орындамау сот талқылауларына, соның ішінде нысанның жартылай бұзылуына әкелуі мүмкін.

Жалпы, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құрылысқа бақылауды күшейту тапсырмасы аясында былтыр жыл басынан бері 47 заңсыз нысан, соның ішінде «Мечта», KHAN, «Алма Гарден» және басқа тұрғын үй кешендері толық немесе жартылай сүрілді.

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

АВТОГАЗ ҚҰЮ БЕКЕТІ

заң талаптарын неге орындамай отыр?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында еліміздегі «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының маңызын мәлімдеді. Мұндай шараның уақытша науқан еместігін шегелеп айтқан Президент маңызды жобаның жыл бойы жалғаса беретінін білдірді. Шынтұайтында, кейбір азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластауда. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою қажет. Мемлекет басшысы қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажеттігін атап айтты.



Айнабай
МӘДИ

Жақында редакциямызға Медеу ауданы «Думан» ықшамауданының тұрғындары атынан хат келіп түсті. Хат иелері аталған ықшамаудан мешітінің іргесінде, Болашақ көшесі, 2-А мекенжайы бойынша заңға қайшы, «қызыл сызықта» (!) орналасқан «Альянс-Газ» ЖШС-іне қарасты автогаз құю бекетіне қатысты шағымданады.

Шағымға орай, қалалық әкімдіктің қаулысымен бекітілген Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы дайындаған қала жоспарының аталған маңайдағы жоба фрагменті де жолданған. «Автогаз құю бекеті заңдылыққа пысыр-

май, маңайдың ауасын одан әрмен ластауда. Әсіресе, бұл әрекет мешітке бас сұққан жұртқа кері әсерін тигізуде. Мешіт терезелері ашылудан қалды. Ашылса, өткір иіс ғимарат ішін жайлайды», — деп жазады хат иелері.

Қолында бүкіл заңды құжаты бар, тұрғындар атынан арызданған аталған ықшамаудан тұрғыны Н.Жазылбековтың сөзіне сүйенсек, талап-арыз жазып, сотқа жүгінгендеріне бір жылдан астам уақыт болыпты. Алматы қалалық соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасының (төрағалық етуші Л.Мерекенов) 2023 жылғы 24 қазандағы қаулысында ҚР «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» Заңы талаптарының бұзылғаны анықталғаны жөнінде дәйек келтірілген.

Осы Заңның 65-бабы 1-тармағының 6-тармақшасына сүйенсек, жер телімінің меншік иесі мен жерді пайдаланушы шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу кезінде жер телімінде құрылыстық, санитарлық-гигиеналық және өзге арнайы талаптарды (нормалар, ережелер, нормативтер) сақтауға міндетті. Мәселен, салынған құрылыстың бекітілген нормаға сай, өзге нысандардан арақашықтығы сақталуы тиіс. Мешіт жанындағы автогаз құю бекетінде бұл норма сақталмаған.

«Автогаз құю бекетінің басшылығы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 5 шілдеде шыққан шешіміне (судья Д.Аймағамбетова) пысықрмай отыр. Бір мезгілде екі мыңға жуық адам келетін мешіт жанына автогаз құю бекетін салу ақылға сыймайды. Санитарлық нормалар бұзылғаны өз алдына, автогаз құю бекеті мен мешіттің арақашықтығы заңда бекітілген нормаға сәйкес келмейді, — дейді Н.Жазылбеков.

Құқықтық мәдениетке қадам басқан еліміз. Қалай десек те, сот билігі салтанат құруы тиіс. Әділетті Қазақстанда әділдік жеңеді деген сенімге селкеу түспегені жөн.




ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АЭС – ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЯТЫН МЕГАЖОБА

«Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Жаһанның дамыған державаларында Атом электр станциясы көптеп салынған. Соның нәтижесінде энергия молынан өндіріледі. Біз де бұл мәселені шешетін жолайрықта тұрмыз. Алматыда әр саланың білгір мамандары, қоғам белсенділері, тұлғалар шоғыры түйіскен. Сондай белсенді азаматтар елдегі ауқымды істерге үн қосатыны айқын. Осыған орай АЭС жөнінде біраз ой-пікір біліп, түйген едік.



(Дереккөз: Yestikavkaza.ru).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҰҒА академигі:



Халық шешеді

Мемлекет басшысы атом электр станциясын салу бойынша 6 қазанға референдум уақытын межелеп берді. Бұл – уақыт талабынан туындап отыр.

АЭС қалай салынатынын, реакторын, бөлшектерін, жобасын, технологиясынан хабардармыз, білеміз. Дегенмен, атом саласының кәдімгі маманы емеспіз. Бұндай озық дамыған елдер Францияда – 56, Қытайдың өзінде – 50 шамасында АЭС бар. Бәрінен де әліге дейін жұмыс істеп, қуат көзін өндіріп тұр. Жаратып та жатыр.

Атом электр станциясы уран арқылы істейді. Ал біздерде уран қоры жеткілікті. Газ 30 жылдың о жақ, бұ жағы. Көмірдің қоры – 200 жылға жетеді екен. Алайда, жаңа технологияны игеретін кез келіп отыр. Бұл – 50–60 жылға дейін жақсы ток көзін өндіреді. Содан кейін 100 жылға жеткенде өз жұмысын тоқтатады. Ол уақытта жаңасын ауыстыруға тура келеді. Міне, аталған жобаның тиімділігі сонда болып тұр. Ең негізгісі, қауіпсіздік жағын ескерсе дейміз. Негізгісі, жұмыс сапалы жүзеге асып, ақау болмаса екен. Сонда ғана көңіліміз ток, іс берекелі болмақ.

Референдумда халық өз таңдауын жасайды. Ел-жұрт қалай құп көреді, солай болады. Бастысы, елге кәделі іс болса деген ниеттеміз.

Рахман АЛШАНОВ,
экономика ғылымының докторы:



Өркениетті ел өз болашағын ойлауы тиіс

Дамыған елдер Франция, Америка Құрама Штаттары, Қытай және іргедегі Ресей АЭС қажет болғаннан кейін өздеріне жасады. Олар да жан-жақты ойлап осы іске барып отыр. Кеңестік кезеңде қазақ жерінде полигондарда жарылыс-

тар болды. Талай сынақ өтіп, ауру қалды, жер тозды және т.б. зиян келді. Бас-аяғы 30–40 жылдан астам кезең бойы эксперимент жасалды. Содан психологиямызда дақ, көңілде дық қалды. Содан бері тың іске онша дайын болмай келеміз. Алайда, бүгінде электр тапшылығы сезіліп, елдің ток тұтыну көзі ұлғайып келеді. Өңгіме – АЭС сапасында. Бізде уран және мамандар жетеді. Бұрын Маңғыстауда, Алматы түбінде осыған жуықтас қуат өндіретін орталықтар болды.

Уранды қытайлықтар, ресейліктер жалпы шетелдіктер, үйіп-төгіп тасып, сатып алып жатыр. Келешекте саркылып қалуы ғажап емес. Осындай жағдаяттарды күні бұрын ескеру қажет. Біраз шет мемлекеттер шикізатты сыртқа шығармайды. Біз әлі де болса шикізатты сатып, күн көруге үйреніп қалдық. Одан да өзімізде өнім, ток өндірсек, құба-құп болар еді.

Әртүрлі пікір алуандығы әр заманда болған, бола да береді. Өркениетті ел өз болашағын ойлауы тиіс. Сонда ғана біз келешектегі тапшылықты бүгін реттеп аламыз.

Мақсат ХАЛЫҚ,
қаржыгер:

Тың техникалық үрдіс

Атом электр станциясын салу бойынша үлкен мақсатты жұмыстар қолға алынғалы тұр. Ел-жұрт референдумда өз таңдауын жасайды. Сондықтан халық дұрыс деп тапқан шешім болады.

Заманауи жаңа технологияларды игеруіміз қажет. Ғылым мен техникалық прогресс алға өрлеп барады. Сол себепті, тың техникалық үрдіс қажет болып тұр. Электр энергиясын шешудің бірқатар жолдары бар. Бұл жайында ғалымдар, өнертапқыштар айтып, пікір білдіріп жүр. Сондықтан сала мамандары бізге қарағанда Атом электр станциясының қыр-сырын жетік біледі. Сол үшін «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген ойдамыз. Сондай-ақ, ел-жұрттың пікірін ескерейік. Көбірек қуат өндіріп, сыртқа сатып, пайда тапқанға не жетсін?!

Біз елде қандайда бір өзгеріс, мега жоба жасайтын болсақ, халықтың референдум арқылы өз таңдауын жасағаны жөн іс. Мейлінше «Адал адам» және «Әділетті Қазақстан» қағидаты көбірек жүзеге асса, қай саланың болсын тамырына қан жүгіреді.



Экологиялық тиімділік маңызды

Бізде Жылу электр станциялары көмір тұтынары хақ. Ал көмірден келетін түтін ауаны ластамай қоймайды. Әсіресе, қыстың кезінде қара будақтаған түтін аспанды торлап кетеді. Сонымен бірге, Су электр станциялары жұмыс істейді. Демек, өзен-көлдердің арнасын бұрып, ток көздерін өндіріп алады. Ал мұндай істер су ресурстар саласындағы проблемаға душар етуде. Мұның салдарынан жыл сайынғы су көздерінің тартылуы байқалады. Тағы бір жол, ол – күн мен желдің қуатын тұтыну. Дегенмен, тұрақты түрде істеп тұратын алпауыт құрылғы, генератор болмаған соң халі мүшкілдеу көрінеді. Сол себепті, ешкімге ұқсамайтын дара даңғыл керек-ақ.

Ел арасында түрлі деңгейдегі химик, физик, технократ ғалымдар ой-пікір айтып жүр. Бірі мақтаса, екіншісі кейбіреуі жаратпайды. Бізде Арал, Балқаш көлдерін сақтау барынша маңызды. Эколог, табиғат жанапшылары аталған табиғи апатқа жол бермеуді көздейді. Өткен ғасырдың 1950 жылдарынан бастап, Америка құрлығы мен Батыс елдері бүкіл экологиялық қауіпсіздікті ескеріп атом реакторын пайдаланып келеді. Ендеше, энергия тапшылығын жоятын мегажоба тиімді бола түссе деген ойдамыз.

ТҮЙІН: Нобель сыйлығының лауреаты, физик, өнертапқыш Альберт Эйнштейн «Адамзат одан әрі өмір сүргісі келсе, онда, жаңа ойлар қажет» депті. Бүгінде қазақ қоғамына тың үдеріс, жаңа идея қажет боп тұрғаны белгілі. Соның ішінде ғаламдық проблематика, ол – энергия көзі. Аталған мәселе дер уақытында шешілу үшін бірлесіп қимылдау қажет. Себебі, болашақ – бүгіннен бастау алады.

Бетті дайындаған Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Иллюстрация: ChatGPT

МӘСЕЛЕ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҰМТЫЛЫС

Бұл – елдің өз энерготұтынымын өз энергоресурсы есебінен жабу деген сөз

Енді санаулы күнде елімізде жалпыұлттық референдум өтеді. Бұл саяси науқанға қатысуға 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтық негізі бар. Ел билігі қоғамдық пікірмен санаспай тұра алмайды, сондықтан қоғам мүшелерінің бұл шарада аса белсенділігі қажет.

Бұл саяси науқанның мән-мақсаты – елімізде атом электр стансасының салынуына деген жұртшылық көзқарасын анықтау, нақтылау десек болар.

гияның қайнар көзі – көмір өндіруде жұмыс орны да жетерлік, экспортта да бәсекеге ие. Ашық әдіспен өндірілетін болғандықтан, оның өзіндік құны да төмен. Алайда, халықаралық қаржы институттары мен әлемдік көптеген коммерциялық банк көмір генерациясын құрылысын қаржыландырудан бас тартып отыр.

Ал жасыл экономикаға келсек те, бірінші кезекте көміртегі қалдығын азайтудың алдымыздан шыға келетіні бар. Көмір стансалардан шығатын қалдық құрамындағы шамадан тыс азот қышқылы мен қатты металдар қалдығы да климаттың өзгеруіне тікелей әкелетін кереғар құбылыстар. Сондықтан көмір генера-

циясын әзірге қажетке жаратып жатсақ та, келешекте осы генерация түрін азайтуды мақсат тұту – заман талабы.

ЭНЕРГИЯЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫ РЕТТЕЙДІ

«Осы күні көмір тұтынып отырған Екібастұз ГРЭС-терін де ұзамай газға көшіруге тура келеді. Экологияны ойласақ, қоршаған ортадағы көмірден қалған шлак қалдықтарын жоюды қарастырсақ, мұндай қарқынмен көмір энергетикасын дамыту мүмкін емес. Оның үстіне, табиғи-экологиялық тепе-теңдікті сақтау қажеттігі тағы бар.

Алғашқа келсек, көмірге қара-

ғанда, анағұрлым таза әрі тиімді электр энергияның көзі – транзиттік отын болғанымен, күкірт пен азоттың көптігі тағы алдан шығады. Осы күні экономикада газға деген сұраныс өте мол. Қазірдің өзінде газ тұтынымына сұраныс – 21 млрд текше метр. Өндірістік сектор мен энергетикадағы тұтыным 2030 жылы шамамен алғанда, 47 млрд кв/сағатқа жететін түрі бар. Энергетика министрлігінде газ генерациясын енгізуге басымдық беру қарастырылуда. Маневрлік қуаттылық қажеттігінен Алматының өзінде ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3-те бұмен жылытатын қондырғылар орнатылады», – дейді ҚР энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнабай
МӘДИ

Осы күні билік өкілдері, азаматтық қоғам мүшелері де жұртшылыққа атом стансасының құрылысы хақында, оның мән-маңызы жайында барынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бүгінде еліміздегі энергетикалық тәуелсіздік экономикалық қауіпсіздіктің бөлінбес бөлшегі саналады. Мұны көзі ашық, көкірегі ояу жұртшылық жақсы түсінеді. Әлбетте, энергетикалық тәуелсіздік дегеннің өзін түсіндіріп жату артық болар. Бұл елдің өз энерготұтынымын өз энергоресурсы есебінен жабу деген сөз. Жер-жаһандағы біраз ел өзінде бар осы мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылуда.

Экономиканың өзі көп жағдайда энергетикаға тәуелді екені рас. Энергетикада қордағы көмір, газ қоры, басқа да өнімдерімен бірге азын-аулақ болса да, уран да пайдаланылады. Осы мәселеге аз-кем тоқтала кетелік. Мәселен, көмір генерациясының үлесі еліміздегі электр энергиясын өндіруде шамамен 60 пайыздан астам пайдаланылады. Бұл энер-

Мұрат ТӨЛЕГЕНОВ,
Қазақстан Ядролық физика
институтының департамент директоры:

АТОМДЫҚ СТАНСАНЫ ПАЙДАЛАНУДА ТӘЖІРИБЕ БАР

Еліміздегі атом энергетикасына қажетті мамандар әзірлігі – өте өзекті мәселе. Осыған орай, атом энергетикасына қажетті білімді де білікті отандық мамандарды Алматы, Астана мен Өскемен қалаларындағы ЖОО-нан даярлауға қол жеткізуге болады. Елімізде бұл атомдық стансаны пайдалануда тәжірибе бар. Ақтау қаласында атомдық реактордың жұмыс істеп тұрғанына қаншама жыл болды. Сол арқылы Каспий теңізінің суы тұщытылып келеді.

Бізде үш оқу орталығы: радиациялық қауіпсіздік, әскери-физикалық қауіпсіздік және бұзылмайтын бақылау қауіпсіздік орталығы жұмыс істейді. Сондай-ақ, бізде ядролық физика мен технологиялық бақылау мамандары да бұл іске сақадай сай. Алматыдағы Эл-Фараби атындағы университет, Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуроазиялық университет, шығысқазақстандық техникалық университет осы салаға мамандар даярлауда.

Алпысбай АЙДАРБЕК,
кәсіпкер:

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНУГЕ ТИІСПІЗ

2030 жылға қарай электр энергиясы тапшылығы арта түспек. Жұртшылық арасында күн өткен сайын АЭС құрылысын қолдау динамикасы байқалады. Алматыда бас қосқан жетекші ғалымдар мен сарапшылар энергетикадағы инновациялар, атом технологиясы мәселелерін талқылаған жиынын байқағанымыз осы. Бұл басқосуда еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің стратегиялық артықшылықтары атап айтылғаны өте құптарлық.

Меніңше, алдағы референдум – жалпыұлттық ауқымды шешім қабылданатын күн. Демек, маңызды саяси науқан болатыны анық. Солай бола тұра, жұртшылық арасында әлі де түсіндіру жұмыстары қажет деп ойлаймын. Алдағы саяси науқанға келетін адам саны жетпіс пайызға жететін тәрізді. Бұл – менің жеке пікірім. Мен мұны уақыттың тығыздығына қарамай, азаматтық позициясын білдірген жұртшылықты көзқарасына қатысты айтып отырмын. Бұл болжамды осы күнге дейінгі қоғам мүшелері арасындағы зерттеу, зерделеуге, қолдау қарқынына сүйеніп айтуға да болады. Бастысы, референдумның маңызын түсінуге тиіспіз. Сонда ғана халық ұйымдасқан түрде саяси процеске қатысатын болады.

Осыларды айта келе, министр жоғарыдағы отын көздерінен өзгеше атом стансасының ерекшелігіне тоқталады. Анығын айтқанда, мұнда қатты қалдық та, азот пен күкірт қалдығы да болмайды. Бұл ретте екі фактормен өзгешелікті атап айтуға болады. Біріншіден, атом стансасы арқылы ұлттық электр желісін дамытып, табиғатқа қатысты энергиялық тұрақсыздықты ретке келтіруге болады. Екіншіден, энергия көздерін өндіруге деген үміт жанданады. Еліміздегі уран қоры, бастапқы өңдеуден өткен уран өнімдері – таблеткалар жасалатынын ескерсек, атом стансасы – болашақтың энергиясы. Қазіргі технологиямен алып қарасақ, 8–12 жылда құрылыс бітсе, бұл энергия түрі көмірді де, газды да алмастыратын энергия көзі болып табылады.

Әлбетте, біздің жұртшылық «атом» деген ұғымның өзінен шошып, жүрегі шайлығып қалғаны рас. Өйткені, біздің халық кешегі кеңестік заманда атомдық сынақ жеріміздің асты-үстінде сыналғандықтан, соның зардабын әлі күнге тартып келе жатқаны рас. Елімізде қаншама әскери полигондар болды. Соның топ басында Семей полигоны тұрғаны анық. Бүгінгі Абай облысы, Абыралы аумағында Курчатов қаласындағы атом реакторлары бейбіт мақсатта жұмысын жалғастыруда.

Бүгінде еліміздің аумағында үш реактор жұмыс істеп тұрса, соның екеуі осы қалада. Бірі Алматы маңындағы Ядролық физика ғылыми-зерттеу институты базасында. Әскери журналист болып қызмет етіп жүргенімде бұл қалада Ұлттық ұланның (ішкі әскер) әскери бөлімшесі болғанын білемін. Кейін бұл бөлімше тарқатылды. Ал ядролық физика институты нысанын Ұлттық ұланның арнаулы әскери бөлімшесі күзететін.

60 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Атом дегенде айтайын дегенім, жұртшылықтың бұл реттегі көңіл күйін түсінуге де болады. Біздің жұртқа қайрат пен жігер керек. Атом стансасы – заман талабы, уақыт міндеті. Ғылым мен техниканың өркендеген шағында атом энергетикасын қуат күші ретінде пайдаланбасақ, қалайша алға баспақпыз. Сол баяғы көмір энергетикасына арқа сүйіп, айналамызды көк түтінге көміп жүре бермекпіз бе?..

Ал газдың жайы белгілі. Оны да қажетінше пайдалануға тура келеді. Көмірге қарағанда, қалдығы аз демесең, газдан бөлінетін азот пен күкірттің мөлшерінің айнала-орта, денсаулыққа кері әсері мол. Мұны ядролық физика, қауіпсіздік пен технология, өнеркәсіп пен энергетика мамандарының пікіріне сүйеніп айтып отырмыз. Алматы энергетика және байланыс университетінде болған басқосу кезінде мамандар атом стансасының күніне 6–8 сағат жұмыс істейтінін айтқан болатын. Аталған станса 60 жылға дейін тұрақты жұмыс істейді. Тіпті, тиісті талаптарға сай, стансаның қауіпсіздігін сақтай келе, оның пайдалану мерзімін 80 жылға ұзартуға болады.

ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары Алуа Жолдыбалынан сөзіне сүйенсек, АЭС – неғұрлым легитимді түрде жалпыұлттық ауқымда қабылданар шешім.



(Сурет: ашық деркөзден алынды)

Суретті түсірген Самат Құсайынов.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ҚАРТЫ БАР ЕЛ – ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ

Алматы Халықаралық қарттар күнін қалай атап өтеді?

Қарттар айлығы аясында Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы зейнеткерлерге, яғни орталық қызмет алушыларына арналған бірқатар ірі іс-шара ұйымдастырады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

1 қазан күні сағат 11.00-де Қарттар айлығының ашылуына орай Тұңғыш Президент саябағының алдында 300-ден астам адам қатысқан скандинавиялық серуендеу фестивалі өтеді. Бағдарламада жаппай флеш-моб, скандинавиялық серуендеу бойынша командалардың көрсетілімдері, шығармашылық нөмірлер бар. Фестивальге Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен Алатау, Бостандық, Әуезов, Жетісу, Наурызбай және басқа да аудандардың командалары қатысады.

1–4 қазан аралығында Алматы қаласының тарихи музейінде зейнеткерлердің шығармашылық жұмыстарының көрмесі өтеді.

Көрмеге 20-дан астам қызмет алушылардың 90 жұмысы қойылады.

4 қазан, сағат 11.00-де Ават ауылында «Егін мерекесі» атты көшпелі іс-шара өтеді, онда зейнеткерлер концерті, еселі еңбегі және «Агрокраудсорсинг» белсенді қатысушыларының мол өнімдері үшін марапаттау рәсімі, сондай-ақ «Табиғат сыйы» көрмесі өтеді. Іс-шараға 150–200 адам қатысады.

10 қазанда, сағат 14.00-де «Асыл қазынам» ұзақ өмір сүру фестивалі өтеді. Бағдарламада шығармашылық қойылымдар, флеш-мобтар, дефиле, шеберлік дәрістері, домбыра оркестрі және спорттық көрсетілімдер, зейнеткерлердің шығармашылық жұмыстар көрмесі болады. Фестиваль Абылай хан көшесі, 83 мекенжайындағы «Қазақконцерт» ғимаратында өтеді, оған 500 көрермен мен 150 адам қатысады.

18 қазан, сағат 11.00-де Атакентте «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының зейнеткерлері қолдан жасаған колөнер бұйымдарының көрме-жәрменкесі өтеді.

30 қазан, сағат 14.00-де Қарттар айлығы «Менің жылдарым – менің байлығым» атты ұзақ өмір сүру балымен салтанатты түрде жабылады. Кеште «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы би ұжымдарының классикалық, заманауи және халық билерінен қойылымдар көрсетіледі. Сонымен қатар, «Асыл әже» атты кешкі киімдер, бал және ұлттық кос-

тюмдер шеруі, сән көрсету және түрлі жасқа арналған киім үлгілерінің көрсетілімі өтеді. 200–250 адам қатысатын бал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өтеді.

Бұған қоса, Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында Республика күніне орай концерттер мен кештер өтеді:

– 22 қазан, сағат 15.00-де Төле би, 24 В мекенжайындағы Медеу бөлімшесі «Көк тудың желбірегені» атты поэзия кешін өткізеді.

– 23 қазан, сағат 12.00-де Мәуленов көшесі, 46 А мекенжайындағы орталықта Республика күні мен Қарттар айлығына арналған салтанатты іс-шара өтеді.

– 24 қазан, сағат 11.00-де Сейфуллин даңғылы, 597 мекенжайындағы Бостандық бөлімшесі Республика күні мен Қарттар айлығына арналған «Қарттарым – асыл қазынам» атты концерт өткізіп, аға буын өкілдері қарттарды құттықтап, сөз сөйлейді.

Әр іс-шарада ең белсенді, дарынды зейнеткерлер мен шығармашылық ұжымдар, спорттық командалар марапатталады. Құрмет грамоталары мен сыйлықтар тапсырылады. Сонымен қатар, Халықаралық қарттар күніне орай Алматыда қарттармен кездесулер, экскурсиялар, театрлар мен музейлерге тегін бару, актерлер мен шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуі ұйымдастырылады.

Зейнеткерлерге «Қарттардың құқықта-

ры», «Сыйға тарту және өсиет» тақырыбында заңгерлік кеңестер, қарттардың қаржылық сауатын арттыру бойынша семинарлар өтеді. «60+ кәсіби бағдар» семинарлары өтіп, егде жастағы азаматтарға еңбек нарығы және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қарт адамдарға денсаулықты қолдау, қолайлы орта құру және аға буын өкілдерінің өмір сүру сапасын арттыру бойынша көмек көрсетуге бағытталған. 2024 жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша орталықта және оның бөлімшелерінде 4899 зейнеткер тіркеліп, оларға 179 988 қызметтік көрсетілген. Орталыққа күніне орта есеппен 512 адам келеді. Күн сайын зейнеткерлерді қызметтер алу үшін қабылдау мен тіркеу жүргізіліп, қызмет алушылармен келісім-шарт жасалады.

Қазіргі таңда автоматтандырылған есеп жүйесі жұмыс істеп тұр. Қарт адамдарға әртүрлі әлеуметтік-сауықтыру, әлеуметтік-білім беру, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-демалыс және басқа да қызмет түрлері ұсынылады. 8 бағыт бойынша 40-тан астам әлеуметтік қызмет түрі көрсетіледі. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бас кеңсесі Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 46 А мекенжайында орналасқан.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Алматыда Горький атындағы елорда театрының гастрольдік сапары басталды.

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен Астана қаласының М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының 24–28 қыркүйек аралығында өтетін гастрольдік сапарының басталуына орайластырылған көшпелі баспасөз мәслихаты өткізілді. Театр директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айболат Жаудыр, театрдың жетекші актерлері – еліміздің еңбек сіңірген қайраткері Людмила Крючкова, «Құрмет» орденінің иегері Светлана Фортуна гастрольдің мәдени маңызы мен шаһар көрермендерінің бірегей қойылымдарды көре алатыны жайында қызықты етіп әңгімелеп берді.

«Театрымыз – еліміздегі ең көне театрдың бірі. Өнер ордамыз биылғы өзінің 124-маусымын Алматыда ашапқы. Мұны жақсы ырымға баладық, бұл – театрымыздағы маңызы кезеңі бірі. Талғамы күшті алматылық өнерсүйер қауымға өз өнер туындыларымызды ұсынбақымыз. Қала тұрғындары мен қала қонақтары А.Островскийдің «Найзагай» драмасын, Н.Гогольдің «Үйлену» комедиясын, сондай-ақ Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне арналған «Әлия» драмасы мен «Сирано де Бержерак» романтикалық драмасы тәрізді танымал туындыларды тамашалай алады. Сонымен бірге, «Гоголь. Петербург» сахналық фантазиясы көрсетіледі. Жас аудиторияға арналып «Щелкунчик» ертегісі дайындалды. Оның премьерасы жақында Астанада көрсетілді. Қойылым елордалық көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Енді оны алматылық көрермендер көріп, бағасын беретін болады», – деп мәлімдеді театрдың режиссері, ҚР еңбек сіңірген артисі Бекпулат Парманов.

Әлбетте, бұл спектакльдердің басым бөлігі бұрын-соңды қаламызда көрсетілмеген. Астаналық театрдың репертуары да

сан алуан. Гастрольдік бағдарламада балаларға арналған драма, комедия мен спектакльдер де бар. Бұған дейін бұл шығармашылық ұжым әлемнің көптеген елінде өнер көрсетіп, халықаралық байқау мен фестивальде лауреат атанып, Гран-при де жеңіп алды. Тақауда театрдың танымал актрисасы Светла-

на Фортуна Беларусь мемлекетінде қойылған «Жизнь без...» қойылымының басты рөлін сомдаған болатын. Баспасөз жиынынан соң тілші қауым «Найзагай» спектаклін көруге мүмкіндік алды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҰЛЫ.



ӘҢГІМЕ ОРНЫНА

МӘҢГІЛІК МАХАББАТ БАЯНЫ

(Новелла туралы эллегия)

Кездеспей кеткен бір бейне...

Әр жүректің бір арманы бар. Ол – мәңгілік махаббат жыры. Иә, онымен кездесуің ақиқат, бірақ кездессең де өмірі кездеспегендей тарқамас сағыныш тұнығына батасың да кетесің. Ақиқатында, өзекті пенде оның тереңінен өмір соңына дейін қанша талпынса да шыға алмайды. Сол сезім «кездеспей кеткен бір бейне» болып адам тағдырына, болмысына мәңгі байланып қалмақ.

Ой-хой! Одан босанам, азат болам деп ойламай-ақ қой! Ол сені өлшеулі күнің біткенше өз уысынан, қармағынан есте шығармайды! Сен бәрібір сол кездеспей кеткен нұрлы бейненің басыбайлы құлысың!

Орынбасар Исахов өзінің «Үнді әуені» атты новелласында осы ұлы феноменді өз басынан өткен оқиға арқылы суреттейді әрі онда екінің біріне тән емес бөлек логика, бөлек қисын барын аңғардық. Новелланың құндылығы да сонда!

...Орта жастағы азамат жолаушысы бөшкедегі тұздалған балықтай сығылған автобус ішінде көз алдында тұрған. Қысқартып қиған қыздың келте шашы бетіне тиіп, жүрегін лүпілдетеді. Әдемі ақша мойындағы сәнді әшекей де тамаша еді. Ер мен әйел арасындағы тылсым байланыстың әсері де осы ғой... «Сол кезде мен оның жүзін көрдім. Жол бойы әуреге түскен ыстық көңілім түк емес екен, қыз бейнесі еміс-еміс ұмыт бола бастаған алыс әуенді еске түсіргендей көз алдым әдемі сәнге бөленіп кетті. «Радха, Радха!» деп айқайлап жатқандай жан даусым. Иә, Радха! Бала кезімізде бар болмысымызбен сеніп, басымыздан кешкендей боп көретін үнді фильмдеріндегі Радха!».

Радха – Голливуд фильмдеріндегі махаббат символы, ғашықтық объектісі сұлу қыз. Әркімнің өмірінде өз Радхасы болмақ. Автордың Радхасы – Қаржан тау ауылындағы мектептің жоғарғы сынып оқушысы – Бану сұлу. Бану үндіше би билеп, ән шырқайтын өнерлі һәм көрікті қыз.

Жаңа мектепке ауысқан бозбала ғайыптан сол қызбен бір партада отырады. «...Алғашқы күндері бір-бірімізден ұялып, қысылып жүрдік. Қыркүйектің ыстығы ма, қалай оның қасына жақында-сам іштей от-жалын боп лапылдай бастаймын. Бану да дәптерімен желпініп әуре. Сөйлескенде даусымыздан гөрі жүрек дүрсілі қаттырақ естіледі».

Бану физика пәнін ұнатпайды. Түсінуі де қиын. Сондықтан бозбаладан физиканың бір формуласын талдап, түсіндіруді сұрайды.

« – Формуласы былай жазылады, қарашы? – дей бергенімде, ол шынымен маған бұрылып қарады. Бір-бірімізді алғаш көргендей бір сәт таңқала қарасып қалыппыз. Осыған батылы жеткеніне Банудың өзі де риза. Жасыл көздерінің жарқ еткен жанарымен менің жүзімді сипап-сипап өткендей болды».

Негізгі авторлық түйін осы жерде жасалып тұр. Шын ғашықтардың бір-бірінен ұялуы, қымсынуы заңды құбылыс. Ең соңында сол қымсынудың өмірінің соңына дейін жалғасуы да



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

мүмкін. Міне, адами физика іліміне негізделген махаббат формуласы да осы!

– Жақсы түсіндіреді екенсің – физиканы ұната бастадым, – дейді Бану.

Ал бұл – шын мәнінде тілсіз махаббат кейіпкерінің физиканы емес, бозбаланы ұнатуының нышаны еді! Содан кейін-ақ қыз бен бозбала арасында үнсіз, тілсіз махаббат жалғасады. Бірақ ол нағыз ақ та пәк алғашқы періште махаббат.

Мұндайда, сұлуға әркімнің де бар таласы пендеауи «махаббат ұштағанының» болмауы да мүмкін емес. Мектепте Сәкен деген жас музыкант мұғалім бар. Ол да жас та сұлу бойжеткеннен көзін алмайды. Әрі онысын жасырмайды. Ал бұл дегенің – көңілге мысықтабандап енген ұры қызғаныштың енуінің кепілі.

«Күндердің күнінде мектеп көркем-өнерпаздарының концерті де болды. Халық лық толы совхоз клубының сахна төріне үндіше киінген Бану жарқ етіп шыға келгенде, оның әдемілігіне «аһ!» деп таңданған көп жұрттың демдері ішінде қалды. Ол үнді фильміндегі Радха болып ән салып, би биледі.

Ол тұрған сахна мен үшін қол жетпес заңғар шынға айналып кеткендей!

Аккордеонын аңыратып өлең айтқан Сәкен де жұрт көңілінен шықты. Мұрнының астына қара күйемен мұрт салып, басына мыжылған шляпа киген ол тұптура Радж Капурдың өзі бола қалыпты! Ол Радхаға ғашықтығын білдіріп, зарлап өлең айтқанда, мұрындарын солқ-солқ тартып, көздерін сұрткен келіншектер: «Өй, тұқымың құрымағыр, жасы жетпеген қызға жанын беруге бар бұл бейбақ! Өзіңнің әйелің тұр емес пе, қасында?», – деп сұңқылдап қояды...».

Бұл қыздың да, жігіттің де есейіп, өмірдің өздері бұрын білмеген, байқамаған тылсым-құпиясын біліп, алғаш кездесіп, ес жиып қалған шағы еді. Оның тұңғыш сынағы «Бану – бозбала – Сәкен мұғалім» атты махаббат ұштағаны.

Сол концерттен соң сұлу да өнерлі қыздың атағы аспандап, ел аузына ілігеді. Сұлуға көз салушы да көп. Тіпті, кейбір жоғарғы сыныптың бозбалалары қызғаныштан жүрегі өртеніп, жағдайы болмай жүрген ғашық жігіттің Банудың қасындағы орынына отырып алып, қыз-

ғанышын одан бетер өршітетінді шығарды.

«Олардың қасында бір бейшара сияқтымын. Сырт көзге солай көрінеді деп ойлаймын. Осы ойым ыза сезімін шақырады, кеудеме алғаш ұялаған жақсы көру сезімімен тайталасады.

Арамызды бөліп тұрған «әйнек-қабырға» қалыңдай берді, қалыңдай берді. Қасымда ғана отырған Банудың даусы да, сөздері де құлағыма жетпейді, тек күлімсіреген жүзін, күлімдеген жасыл көздерін, сәл ашыла берген еріндерін, оның ар жағындағы ақ тістерін көремін. Желге желбіреген оның бұйра шаштары менің көңіліме дегбірсіздік әкеледі. Өрекіпген кеудем оқтын-оқтын пышақ тілгендей ашып кететінді шығарды...».

Осылайша алғашқы махаббаттың ләзатымен қоса мұңы да көп қым-қуыт оқиғасы бір жылға созылады.

Келесі жылы бозбаланың отбасы басқа ауылға көшкен. Ол кезде махаббат объектісі – Бану қыз ауданның бір топ оқушысымен Мәскеуге қыдырып кеткен. Қос ғашық ақыры бір-бірімен қоштаса да алмайды. Мұнан соң екеуі кездесті ме, жоқ па, ол жағы беймәлім. Ақиқатында, кездесу не кездеспеуінің де аңызы шамалы. Кездеспеген күнде де екеуінің жүрегінде өлмейтін мәңгілік алғашқы махаббаттың тіршілік ырғағымен бір сәт сөнсе де ізінше қайта тұтанып, одан да бетер маздайтын алауы қалды. Кездескен күнде де «кездеспей кеткен бір бейне» болып қалар әдебиеттің, онан да бетер ұлы өмірдің көңілді тәтті мұңға толтырар ғажайып сезімтал образы да сол!

«Білмеймін, бала кезімде көп көрген үнді фильмдерінің әсері ме, әлде Банудың жүрегімдегі ең алғаш рет бақытты да азап сезімін оятқан бейнесі ме, әйтеуір, үнді әуені естілсе елең ете қаламын...

Бала махаббат!

Бірақ махаббатты жасқа қарай бөлуге болмайтын сияқты. Ол жарықтық жарқын сезім сені билеуге келіп қалса, сірә, өз жасыңды санап жатуға мұршаң да болмас, есіңе келмес.

Сен он беске, қырық беске, алпыс беске кел, ал бірақ ол ең тамаша сезім – махаббат сол алғаш жүрегінмен сезінген кездегіден еш айнамас!» деп түйіндейді автор.

Белгілі қаламгер, аудармашы, мәдениет қайраткері Орынбасар Исаховтың «Бәрінен де сен сұлу» жинағына енген әңгімелері мен пьесалары, аудармалары мен өлеңдері арасында бұл «Үнді әуені» новелласы ерекше әсер қалдырды. Автор Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын және оның аспирантурасын бітірген. Республикалық баспасөз беттерінде мәдениет, өнер тақырыбына мақалалары, әңгімелері, аудармалары жарияланып жүр. Ел өңірлеріндегі театрларда бірнеше пьесалары сахналанған, көркемөнерпаздар үйірмелерінде бірқатар миниатюралары қойылған. «Қожанасыр жолымен» (пьесалар, сықақ әңгімелер), «Қарабастауға саяхат» (әңгімелер), «Әуесқой актердің алғашқы қадамы» (оқулық) атты кітаптары жарық көрген.

Бүгін біз зерделеген новелланың жазылуына автобуста кездескен бейтаныс қыз себеп. Ол Бануға қатты ұқсайтын. Автор көкейіндегі «Бану-Радха оқиғасы» ақиқат өмірден әлдеқашан алыстап кеткен, ұмытылуға тиіс болса да ұмытылмайтын тіршіліктің мәңгілік ұжуеті.

Міне, кездессе де «кездеспей кеткен бір бейне» – мәңгілік махаббат жыры деген де осы! Алайда, оның ғажайып әсерін басынан өткендер ғана сезінбек! Басынан өткендер ғана білмек...

Ал өзіңіз ғашық болып көрдіңіз бе, құрметті оқырман?..

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ҚАНДАСТАР

Әлемде инвестициялар үшін бәсекелестіктің күшеюі аясында елдегі бизнес-иммиграцияны одан әрі дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Елімізде этникалық қазақтарды «Ата жолы» картасына тарту бойынша шаралар қолға алынғаны белгілі. Бүгінде картаны алуға үміткерлер географиясы кеңейіп келеді. Қазір Ресей Федерациясы, Германия, Қытай сияқты таяу шет елдермен қатар, «Ата жолы» картасын алуға АҚШ, Еуропалық Одақ елдерінің азаматтары – этникалық қазақтар да қызығушылық танытуда.



«АТА ЖОЛЫ» КАРТАСЫ

үміткерлер географиясы кеңейіп келеді

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитеті төрағасының орынбасары Ерболат Абулхатин ОКҚ алаңында хабарлады.

Спикердің айтуынша, «Ата жолы» картасы өз елдерінде сұранысқа ие кәсіптері бар немесе табысты бизнес-кейстерді іске асырған және оларды Қазақстанда кеңінен қолдануға ниет білдірген этникалық қазақтарға беріледі. Бүгінгі күні «Ата жолы» картасын 57 этникалық қазақ алған. Оның ішінде сұранысқа ие мамандықтары бар 31 адам және 26 адам кәсіпкер. «Ата жолы» картасын алған этникалық қазақ, көбінесе, Астана және Алматы қалаларында тұрады.

Келесі бағыт этникалық көші-қонды реттеуге қатысты. Жыл басынан бері елге барлығы 12 325 қандасымыз келген екен. Былтырғы жылы қандастарымызды елге қоныстандыру саясаты түбегейлі өзгерді. Соның нәтижесінде солтүстікке қоныс аударған қандастардың саны өсуде, ал оңтүстікке келетін қандастардың саны азаюда. Атап айтқанда, былтыр келген қандастардың тек 6%-ы солтүстікке барса, биыл ол көрсеткіш 36%-ға жетті.

Бүгінде құжаттарды қабылдау «Құтты мекен» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Биыл берілген өтініштің 95%-ы осы қосымша арқылы келіп түсті. Бұл өтініштерді қарау процесін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда жұмыспен қамтудың жекеменшік агенттіктерімен тиісті жұмыстар қолға алынды, олар біріккен ассоциация құруда және олар алдағы уақытта migration.enbek.kz порталына тіркеледі. Сонымен бірге, тиісті бірыңғай тарифтер белгіленіп, қадамдық алгоритм айқындалған.

Ендігі бір бағыт – ол елдің еңбек тапшылығы бар өңірлеріне ішкі мобильділікті ынталандыру. 2023 жылы еңбек тапшылығы бар өңірлерге 6148 адам немесе 1769 отбасы қоныс аударған екен. Қоныс аударған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін шілде айынан бастап 2,7 млрд теңге сомасына 663 экономикалық мобильділік сертификаты берілген. Қоныс аударушылар мен қандастарды ынталандырудың оңтайлы моделін құру мақсатында оларды бейімдеу мен интеграциялау бойынша жаңа алгоритм әзірленген.

Босқындармен жұмыс бойынша. 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде пана іздеген 368 адам және 310 босқын тұрады. Босқындар мен пана іздеушілердің басым бөлігі Алматы қаласында тұрады. Осы орайда, ынтымақтастықты дамыту және кеңейту мақсатында Еңбек министрлігі мен БҰҰ Босқындар комиссиясы жөніндегі Жоғарғы комиссияның Басқармасы арасында өзара түсіністік туралы меморандум жасалды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстандағы ағымдағы көші-қон жағдайы және 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасының іске асырылу барысы туралы айтты.

2024 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша елде пана іздеген 368 адам мен 310 босқын тұрады, басым көпшілігі Алматы қаласында қоныстанған.

ЕХӨҚМ мен БҰҰ БЖКБ арасында өзара түсіністік туралы меморандум жасалған.

КЕРЕК ДЕРЕК

- 2024 жылы 12 325 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды.
- Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 140,7 мың этникалық қазақ оралды.
- Жыл басынан бері Қазақстанға Қытайдан (45,6%), Өзбекстаннан (39,2%), Түркіменстаннан (5,5%), Моңғолиядан (5,4%), Ресейден (3,1%) және басқа елдерден (1,2%) қандастарымыз келді.
- Биыл 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 58,2%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кіші 32,4%-ды және зейнеткерлер 9,4%-ды құрайды.
- Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 17,8%-ы – жоғары білімді, 24,2%-ы – орта кәсіби білімді, 54,1%-ы – жалпы орта білімді және 3,6%-ының білім жоқ.
- Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.
- Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 3033 адамды құрайды. 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 2127 қандас қоныс аударды.
- Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (258,4 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (55,3-ден 110,7 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.
- Жыл басынан бері 1948 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 551 адам тұрақты жұмысқа орналас-тырылды.
- Ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды.
- Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4,28 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.
- 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 14 346 шет ел азаматы еңбек етеді.
- Қазіргі уақытта Қазақстанда шет ел жұмысшы күшін пайдаланатын 1812 жұмыс беруші бар. Оларда 391,7 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 96,8%-ы.
- Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 4905 адам, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1870 адам, әкімшілік және көмекші қызметтер – 1503, тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1361 адам, өңдеу өнеркәсібі – 1337 адам.
- Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 3267 адам, Өзбекстан – 2080 адам, Түркия – 946 адам, Үндістан – 885 адам.
- Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шет ел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2024 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,23% немесе 21,5 мың бірлік мөлшерінде белгіленді.

Өткен жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінде этникалық қазақтардан жаңа форматта 17 158 өтініш қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Баспасөз қызметі).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерболат АБУЛХАТИН,
Көші-қон комитеті
төрағасының орынбасары:

КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ
ЖҰМЫСЫ МАҢЫЗДЫ

Еңбек иммиграциясы бойынша ағымдағы жылы шетелдік жұмыс күшін тартуға квота 21 мың бірлік мөлшерінде белгіленді, былтырғы жылмен салыстырғанда, 0,9%-ға кем. 2024 жылы коммерциялық секторда шетелдік жұмыс күшін тартуға 11 мыңға жуық рұқсат берілді. Шетелдік жұмыс күшінің басым бөлігі Қытай және Өзбекстан елдерінің азаматы, ал экономикалық секторға келетін болсақ олар құрылыс және өнеркәсіп шаруасына тартылған. Сонымен қатар, биыл 281 мың рұқсат, еңбекші мигранттарға жеке тұлғалардың үйінде жұмыс істеуі үшін берілді. Аталған мигранттардың көпшілігі Алматы облысы және Алматы қаласы, Маңғыстау, Атырау, Түркістан облыстарында жұмыс атқаруда.

Шет елде Қазақстан азаматтарының құқығын қорғау бойынша: жылдан-жылға шет елде жұмыс іздеп жатқан қазақстандықтардың саны біртіндеп артуда. Еліміздің азаматтары көбінесе Ресей, Корея, Түркия және Араб Әмірліктеріне барып жұмыс істеуде. Биылғы жылы 135 мың қазақстандық шет елде жұмыс атқаруда. Осы кезекте, жоғары жалақы жұмыс орнына кіру үшін және сол елде бейімдеу мақсатында оларды кәсіби дайындау жұмысы өте маңызды. Осыған байланысты сапарға дейінгі дайындық орталығын құру жұмыстары басталды.

Бейімдеу алгоритмінің ішінде алғашқы кеңес беру және көмек көрсету, алдын ала сол өңірге танысу үшін барып қайту тетігі қарастырылған. Сонымен бірге, отбасылық цифрлық карта негізінде бес жыл бойы бақылау жүзеге асырылады. Бұл қандастар мен қоныс аударушылардың әлеуметтік ортаға сапалы бейімделуі мен интеграциялануын, қоғамдық қатынастардың толыққанды қатысушылары болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Асқарбек ЕРТАЕВ,
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі:

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА
ТЕТІКТЕРІ

2024 жылдың бірінші жарты-жылдығының қорытындысы бойынша елге 14 мың адам келіп, 7 мың адам шықты.

Елден шыққан адамдарға қарағанда елімізге білімді адамдар көптеп келген. Бұдан басқа, техникалық мамандықтар бойынша +686 адам, педагогикалық мамандықтар бойынша +215 адам, экономикалық мамандықтар бойынша +203 адам келіп, оң салыдо қалыптасты.

Мегаполистер ішкі мигранттарды тарту (50%) орталықтары болып қала береді. Мәселен, осы отырған кезеңде Астана қаласына 64 мыңнан астам адам, Алматы қаласына – 60 мың адам, Шымкент қаласына – 31 мың адам тұрақты тұруға келді.

Этникалық көші-қонды реттеу шеңберінде тарихи Отанына қоныс аударған этникалық қазақтар үшін бес бағыт бойынша мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктері іске асырылуда.

Қандастарды қоныстандыруды реттеу үшін аймақтар бойынша саралай отырып, өңірлер (аудандар мен елдімекендер бойынша) бөлінісінде қоныстандырудың интерактивті картасы әзірленді.

Қоныс аударушылар мен қандастарды ынталандырудың оңтайлы моделін құру мақсатында оларды солтүстік өңірлерде бейімдеу мен интеграциялаудың жаңа алгоритмі әзірленді. Еңбек күші тапшы өңірлерге қоныс аударуды ынталандыру бойынша өңірлік жол карталары іске асырылуда.

Келу мақсатына қарамастан Қазақстанға келетін шетелдік азаматтардың бірыңғай есебін, сондай-ақ көші-қон ағындарының мониторингі мен бақылауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін migration.enbek.kz порталы әзірленді. Осы шаралардың барлығы «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін мигранттардың қозғалысын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құруды көздейді.



Сервистік модель:

ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ

Қызмет көрсету орталықтары қандай қызметтер көрсетеді?



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Қалада жаңа форматта қызмет көрсетуге бағытталған алғашқы полиция пункттері пилоттық режимде іске қосылды. Жоба Мемлекет басшысының полиция жұмысының сервистік моделіне көшу жөніндегі тапсырмасы аясында Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесінің қолдауымен қалалық Полиция департаментімен жүзеге асырылуда, оның басты мақсаты – қоғаммен ашық диалог және тұрғындардың өтініштеріне жедел жауап беру.

Қазірдің өзінде қаланың 7 ауданында полицияның қызмет көрсету орталықтары ашылды. Сегізіншісі биыл қазан айында Түркісіб ауданында ашылады. Ғимарат қалалық бюджет есебінен сатып алынып, Департамент балансына берілді. Онда әкімшілік, көші-қон, ювеналдық полиция, учаскелік инспекторлар мәселелері бойынша мамандардан кеңестер алып, қызмет көрсетуге қолайлы жағдай жасалған.

«Полицияның сервистік моделі клиентке бағытталған тәсілді, құқық қорғау органдарының ашықтығы мен есеп беруін, азаматтардың полиция қызметіне оңай қол жеткізуін білдіреді. Соның нәтижесінде халықтың полицияға деген сенімі, азаматтармен ашық әріптестік пен Қазақстан халқына қызмет

етудегі бейтараптық деңгейі артады деп күтеміз», – деді, Алматы қалалық ПД бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Нұрлан Алмасбеков.

Екі жарым айлық жұмыс барысында орталық қызметкерлері қала тұрғындары мен қонақтарының 8,5 мың өтінішін өңдеді.

Полицияның қызмет көрсету орталықтары барлығы 55 қызмет түрін көрсетеді. Ол үшін барлық жағдай жасалған – инспекторлар мен психологтар жеке кабинеттерде қабылдау жүргізеді. Көші-қон полициясының қызметкерлері шет ел азаматтарын тіркеу немесе қайта тіркеу, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кету немесе келу кезінде азаматтық алу және тұрақты тұру үшін құжаттарды ресімдеумен айналысады.

Көлік иелері жол-көлік оқиғасы деректері бойынша кеңес ала алады, көлік құралдарында әкімшілік айыппұлдар, ауыртпалықтар мен шектеулер бар-жоғын тексеріп, көлікті қайта жабдықтауға құжаттарды рәсімдей алады.

Орталықтарда заңгерлер, медиаторлар, ішкі істер органдарына оқуға және қызметке қабылдау үшін кеңесшілер, сондай-ақ қаруды алып жүруге және сақтауға рұқсат беретін қызметкерлер жұмыс істейді. Сондай-ақ, азаматтарды қабылдауды процессуалдық шешім қабылдауға уәкілетті құзыретті қызметкерлер – тергеушілер, жедел уәкілдер, учаскелік инспекторлар жүргізеді. Бұрын берілген өтініштің қаралу барысы туралы білуге немесе жауапкершілікке тарту себептері туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін дерекқорларға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Орталықтардың жұмыс уақыты – 9.00-ден 20.00-ге дейін. Сағат 23.00-ге дейін учаскелік полиция инспекторларының азаматтарды қабылдауын ұйымдастыруға болады. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша тұрғындармен тікелей байланыста болатын бұл қызметті дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Алдағы уақытта мұрағаттық анықтамаларға апостиль қою және басқа да қызметтер бойынша полицияның қызмет көрсету орталықтарының функционалдығын кеңейту жоспарлануда.

Полицияның қызмет көрсету орталықтарының мекенжайларын 2GIS қосымшасынан табуға болады.

1. Алматы ауданы, Төле би көшесі, 273А үй, 1;
2. Әуезов ауданы, «Жетісу-3» шағынауданы, №5 үй, 18;
3. Жетісу ауданы, «Айнабұлақ» шағынауданы, 40А үй, 2 корпус, 17;
4. Медеу ауданы, Потанин көшесі, 14/17 үй, 108;
5. Бостандық ауданы, «Көктем-3» шағынауданы, №24 үй;
6. Алатау ауданы, «Ақбұлақ» шағынауданы, Суаткөл көшесі, 33/1 үй, 2;
7. Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 347.

COT



Алматыда вейп сатқандарға қатысты үкім шықты

Вейп сатушыларға қатысты қоғамдық жұмыстар жасауға және ірі айыппұлдар төлеуге үкім шықты. Естеріңізде болса, биыл 20 маусымда Қазақстанда вейптерді сатуға тыйым салатын заң нормалары күшіне енді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 301-1-бап (Шылым шекпейтін темекі өнімдерінің, электронды тұтыну жүйелерінің (вайптар), хош иістендіргіштер мен оларға арналған сұйықтықтардың айналымы) қосылды. Содан бері Алматы полициясы вейп сатудың ондаған дерегін тоқтатып, осы тыйым салынған өнімдерді сататын бірнеше орынды жойды.

«Заңнама қатаңдағалы электронды темекінің төрт ірі сатушысына қатысты үкім шығарылды. Олардың әшкереленіп, ұсталғаны туралы бұған дейін хабарлаған болатынбыз. Осы істердің бәрінде де сот «кәсіпкерлерді» кінәлі деп тапты. Олардың екеуіне ірі көлемде айыппұл салынды. Тағы екеуі – қоғамдық жұмыстарға, тиісінше 100 және 10 сағатқа жіберілді. Осыған ұқсас басқа да істер бойынша материалдар жақын арада сотқа жіберіледі», – деді Алматы қалалық ПД тергеу басқармасының бастығы Аян Әбдраимов.

ЖАҢА ЗАҢ

АДАМ САУДАСЫМЕН АЙНАЛЫСҚАНДАР

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ

Ішкі істер министрлігінің дерегінше, биыл Қазақстанда адам саудасына қатысты 137 қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде 9 адам ұрлау, заңсыз бас бостандығынан айыру фактілері анықталды. 2023 жылы адам саудасы бойынша барлығы 150 қылмыстық іс қозғалған болатын.

Әлемдік статистикада Қазақстан құлдық мәселесінде 83-орында тұр. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі адам саудасы құрбандарының 70 пайызы – әйелдер мен жас қыздар және балалар екенін жариялады.

Жақында Алматыда желі арқылы шақалақтарды сатқан әйел ұсталды. Олар заңсыз жұмысын әлеуметтік желіде ашық жариялап отырған.

«25 тамызда әлеуметтік желідегі «surak.baribar» парақшасында көмекетке толмағандар мен жаңа туған сәбилерді заңды түрде асырап алуға көмектесеміз деген қылмыстық топтың әрекеті туралы жедел ақпарат түсті. 28 тамызда жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында Қызылорда облысының тумасы, 38 жастағы күдікті анықталды. Күдікті қамауға алынып, көмекетке толмағандарды сату дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалды», – делінген ресми хабарламада.

Бұл қалада болған бір ғана жағдай емес. Қылмысқа қарсы күрестің арқасында адам



саудасы қылмысының анықталу қарқыны артып келеді дейді мамандар. Бірақ жария болмаған қылмыстар қаншама?! Статистикаға сүйенсек, көбіне Орта Азия елдерінен Қазақстанға жұмысқа келген еңбек мигранттары құлдыққа түседі. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасында келісім-шарт жасалатыны белгілі. Ал шет елден келген азаматтардың дені маусымдық жұмысқа келеді де, келісім-шарт жасау тыс қалып жатады. Салдарынан жұмыс беруші құжаттарын бермей, құлдыққа салады. Бұған азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі де себеп болады.

Мигранттар басқа жұмысшыларға қарағанда үш есе көп құлдыққа ұшырайды. 2018 жылғы статистикада адам саудасы бойынша әлемде топ бастап тұрған елдер: Үндістан (8 миллион), Қытай (3,86 миллион), Пәкістан (3,19 миллион), Солтүстік Корея (2,64 миллион), Нигерия (1,39 миллион), Индонезия (1,22 млн), Конго Демократиялық Республикасы (1 млн), Ресей (794 000) және Филиппин (784 000) елдері. Бұдан өзге елдерде де құлиеленушілік жиі кездеседі: АҚШ-та 400 000 адам құлдыққа ұшыраса, Ұлыбританияда 10 000 адам қазіргі құлдық құрбанына айналған.

Осы айдың басында Қазақстанда «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң күшіне енді. Онда «адам саудасының құрбаны», «адам саудасының ықтимал құрбаны», «осал жағдай», «адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері» мен басқа жаңа ұғымдар қарастырылған.

Адам саудасы әлемде үшінші орында тұрған қылмыс түрі болып саналады. Біздің елде адам саудасына қатысты қылмыстық іспен күрес ғана жүріп жатыр, ал оның алдын алу шарасы жоқ.

ҚК-нің 134, 308 және 309 және ҚР ӘҚБтК-нің 450-баптары бойынша ұйымдастырушылар жауапкершілікке тартылатын болады. Сонымен қатар, Заңда жезөкшелік қызметін, көмекетке толмаған адамның көрінеу көрсететін өзге де жыныстық сипаттағы қызметті алғаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылады. Бұл ҚР ҚК-нің 122-бабы бойынша жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Адам саудасына қатысты қылмыстар бойынша татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату алынып тасталады. Қылмыстық-процестік кодексте жәбірленушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер алуға құқығы көзделді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске медициналық ұйымдардың және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың лауазымды адамдарының жаңа туған нәрестені тастап кету фактісі туралы хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА

ФОТОКӨРМЕ

«КӨЗГЕ КӨРІНБЕС
ӘЛЕМ»Алматыда ерекше
көрме ашылды

Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында қалың көпшілік пен көзі нашар көретін не мүлдем көрмейтін адамдарға арналған фотокөрме ашылды. Алматылықтар бұл ерекше көрмені 1 ай бойы – 24 қазанға дейін тамашалай алады. Кіру – тегін.

Досбол
АТАЖАН

Бұл фотокөрме – Орталық Азиядағы көру қабілеті бұзылған адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған, тактильді фотосуреттер, аудиогидтер және Брайль көрпіндегі жазулар түйсінудің жаңа, инклюзивті кеңістігін қалыптастыратын тұңғыш көрме. Қазақстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елімізде 89 мың адамның көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар. Көрменің басты ерекшелігі – барлық фотосуреттер берділігі етіп басып шығарылған, яғни зағип келушілер суреттерді қолмен ұстап, олардың құрылымы мен бөлшектерін сезіне алады.

Сонымен қатар, көрмеге келушілер 4 кейіпкердің өмірін баяндайтын 4 деректі фильмді тамашалай алады, кейіпкерлердің арасында британдық мүгедектер құқығын қорғаушы Люси Эдвардс және қысқы Паралимпиада ойындарында ең көп жүлде алған Ұлыбритания паралимпиадашысы Менна Фицпатрик бар.

Мұндай ерекше көрмені өзінің әлемдік брендке айналған фотоаппараттарымен танымал Canon компаниясы ұйымдастырғанын айрықша атай кеткен жөн. Әрі бұл шара мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мәдени іс-шаралардың болашағын да сипаттай алады. Көрмені өткізуге Алматы қаласы әкімдігі және Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы қолдау көрсетті.

– Бұл көрме – мәдениеттің адамдарды біріктіріп, аразыдағы шекараны жоя алатынының жарқын мысалы. Біз қаламызды барша үшін инклюзивті етуге тырысамыз, ал «Көзге көрінбес әлем» көрмесі – әрбір адам физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан өзін тең сезінетін және қаланың мәдени өміріне атсалысатын қоғам құру жолындағы маңызды қадам, – деді Алматы қаласы әкімдігінің тең мүмкіндіктер бөлімі басшысы Аманат Сұлтанғазиев.

Көрмеде әлемге әйгілі фотографтардың, соның ішінде көптеген марапаттарға ие болған Оңтүстік Африка фотожурналісі Брент Стиртонның, танымал Бразилия фотожурналісі Себастьян Сальгадонның, Нигерия фотожурналісі Ягази Эмезидің, спорт фотографы Само Видичтің, Пулитцер сыйлығын алған Мұхаммед Мухейсеннің, сонымен қатар барыстың бірегей фотосуретін ұсыған қазақстандық шебер Салтөре Сапарбаевтың жұмыстары көрсетіледі.

– Бұл жоба жабайы табиғаттың сұлулығы мен осалдығын көзі көретін адамдарға ғана емес, сонымен қатар әлемді қолмен ұстау арқылы көретін адамдарға жеткізудің бірегей мүмкіндігі. Қар барысы – тауларымыздың ұлылығының және оларды сақтаудың маңыздылығының символы, ал мен тактильді фотосуреттер арқылы әрбір адам оның күші мен рухын сезіне алатынына қуаныштымын, – деді Салтөре Сапарбаев.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

РУХАНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаеваның төрағалығымен ЮНЕСКО-ның қорғауындағы Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын қорғау бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Аталған отырыста Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау, сақтау және жетілдіру мәселелері жөнінде ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының бас хатшысының орынбасары Бакберген Қойшыбаев, ҚР Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Рустам Рахимұлы Мұзафаров, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Жанерке Наурызбайқызы Шайғөзова, М.О.Әуезов



атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры Кенжехан Ісәлмжанұлы Матыжанов баяндама жасады. Сонымен қатар, отырысқа жоғары оқу орындары, музей, архив мекемелері және арнайы ұйымдардың басшылары қатысып, тақырып төңірегінде ойларын ортаға салды.

Институт директоры Кенжехан Ісәлмжанұлы материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі шараларды жетілдіру туралы баяндамасында адамзаттың бейзаттық

мәдени мұрасының репрезентативті тізіміндегі ұлттық мұрамыздың қазіргі жағдайына тоқталып, алдағы уақытта қарастыру қажет мәселелерді талқыға салды. Сондай-ақ, ұлттық мұраны жаңғырту, жетілдіру бағытында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарының атқарған еңбектерін, жеткен жетістіктерін назарға ұсынды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ЖАҢАН ТҮРКОЛОГТАРЫН МОЙЫНДАТҚАН ҒАЛЫМ

Археология саласында қазақ қызының қайраткерлік үлгісін көрсетті

Айман Медеубайқызы 1954 жылы 8 желтоқсанда Алматы облысы, Қаратал ауданы, Тастөбе ауылында өнегелі ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі Досымбаев Медеубай Бижанұлы тарих пәнінің, анасы Жаканбаева Чаруа математика пәнінің мұғалімі еді. Әкесінің мінезі мен болмысы жөнінде Айман апай: «Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы» деп, мінезінің әкесінен дарығандығын жиі айтып отыратын.

1971 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Кальпе станциясының «Кальпе» орта мектебін аяқтаған Айман Медеубайқызы әкесінің ұзақ уақытқа созылған сырқатына байланысты өндірісте еңбек етіп, тек 1978 жылы әке жолымен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих мамандығына оқуға түседі. 3-курста Мәскеу мемлекеттік университетінің халықаралық студенттер конференциясында «Жетісу аумағындағы қола дәуірінің ескерткіштері» тақырыбында баяндама жасап, көзге түседі. Дипломдық жұмысын да аталған тақырып аясында жоғары деңгейде қорғап, өмір жолын археологиямен байланыстыруға бел бауады.

Еңбек жолын 1985 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты археология бөлімінің инженері ретінде бастайды. 1991 жылы археология бөлімінің Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты ретінде қайта құрылуына байланысты кейінгісіне ауыстырылады. Ғалымның ғылым жолындағы тағдыры осы институтпен тығыз байланысты болып, 1998 жылы кандидаттық, ал 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғайды.

Көп ұзамай А.Досымбаева Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Мерке тауларының бөктерлеріндегі алғашқы түркі ескерткіштеріне зерттеу жүргізеді. А.Досымбаева үйсіндер түркілердің тікелей ұрпағы деген тұжырымды ең алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыда негіздейді.

Алғашында Шу өзенінің аңғарында орналасқан Мерке тауларының төменгі бөктерлеріндегі бірліжарым ескерткіштерді зерттеген ғалым 5-6 жылда 3600 шақырым биіктікте шоғырланған жүзден аса ескерткіштерді анықтайды. А.Досымбаеваның есімімен Жамбыл облысындағы «Мерке» және «Жайсан» ғибадатханалары, Ақмола облысындағы «Құмай» археологиялық-этнографиялық кешені тікелей байланысты. Ғалым аталған түркі дәуірі мұраларын іздеп, тауып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп қана қоймай, оларды түгелдей қалпына келтіріп, құжаттап, картаға түсірді. Ашық аспан астындағы музейге,



одан әрі отандық туризм орталығына айналдыруға бар күш-жігерін салды, армандады.

А.Досымбаева ескерткіштерді мәдени ландшафт контекстінде сақтау идеясының авторы. Сондай-ақ, оны іске асыруға, жүздеген ескерткіштердің боз-баяғы қалпында сақталуына және оларды елдің рухани қажетіне жаратуға саналы ғұмырын арнады. Өмірінің соңына дейін Түркі көшпенділері мұрасының керемет үлгісі – Құмай, Жайсан және Мерке ғибадатханаларының далалық, мәдени ландшафты Әлемдік табиғи және мәдени мұралар қатарынан өзінің лайықты орнын алады және ұрпаққа қызмет етеді деп сенді. Мерке мемлекеттік ұлттық табиғи және этномәдени паркін, Жайсан мемлекеттік қорығын құруды ғылыми тұрғыда негіздеді. Осы ғылыми дәлелдері түркі көшпенділерінің эталондық киелі аумақтарының Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламалық құжаттарына енуіне негіз болды.

Ғалым-ұстаз 200-ден аса ғылыми еңбек жазды. Оның ішінде 15-ке жуық монография, оқу-әдістемелік құралдары бар. Ғалымның жанышыл ойлары Батыс Түрік қағанатының этникалық өзегін құраған көшпенділер мәдениетінің автохтонды даму процесін тұжырымдауға және ортағасырлық түркілердің қазақтардың этногенезіне қосқан үлесін негіздеуге дәйек болды.

2009 жылдың көктемінде Ақмола облысында егістік жерлерін жыртыу кезінде тас мүсін табылғанын естіді. Көп ұзамай маусым айында ұстазым бастаған шағын экспедиция құрамы Ақмола облысының Ерейментау ауданына жолға шықты. Қош, сонымен Ерейментау ауданына кірген бетте аудан әкімдігіне табан тіредік. Әкімдік Құмай өзені аңғарындағы жазық далада кездесетін ескерткіштерден хабардар болғанымен олардың тағдырынан бейхабар болып шықты. Сәл кідірістен соң Балықты кентіне бет алдық. Кент тұрғындары архео-

логтарды өте жылы қарсы алды, тіпті ескерткіш орнын білетіндер де табылды. Жергілікті тұрғындардың жол көрсетуімен атакты «Қос батыр» ескерткішінің орнын тауып, алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргіздік.

Төртбұрышты ғұрыптық құрылымның шығыс қабырғасында орналасқан бір мүсін алғашқы қалпында жатқанымен екіншісінің төменгі бөлігі ғана сақталған екен. Орнынан табылмады. Қуанышымызға орай А.Досымбаеваның табандылығы мен кәсібилігінің арқасында екінші батырымызды табу қиынға соқпады. Жұбынан ажыраған батырымыз Ерейментау ауылының музейіне экспонат ретінде қойылыпты. Ғалым мен жергілікті басшылар арасында жүргізілген тиімді келіссөздердің арқасында батырдың сынары символдық «үйіне» қайтарылды. Сол сәттегі апайымның көңіл күйін жеткізу мүмкін емес.

Ғалым-ұстаздың шәкірттері көп-ақ. Олардың ішіндегі бірі де бірегейі өзінің ұлы Алан екенін айтпай кетуге болмас. Сәби кезінен-ақ Алан ата-анасымен бірге археологиялық экспедициялардың басы-қасында болып, ескерткіштерді танып өсті. Ұстазымыздың туған ұлының есімін Алан деп қоюының өзі тегін емес-ті. Біріншіден, кезінде қазақ жерінен Кавказға қоныс аударған сарматтардың бір бөлігі алан тайпасының, екіншіден, қазақ ежелден текті әрі батыл санап, пір тұтқан барыстың баласы аланның, үшіншіден, белгілі энтузиаст-ғалым, геолог-археолог Алан Георгиевич Медоевтың құрметіне атаған.

Ғалым-ұстаз ғұмырын, қадір-қымбаты мен сыр-сымбатын ғылымға арнады. Алмағайып кезенді басынан өткерді. Ғылым жолында тосқауылдың болғаны да жасырын емес. Сондай кезеңдерде отбасы мен төл шәкірттері: Бану Есбергенова, Әбдінұр Нұсқабай, Нұрболат Бөгембаев, Бахтияр Бутеев сынды жас ғалымдар жанынан табылды. Көзімізбен көрдік. Алайда, апайым алмағайып кезенді, қысымды басынан кешкенімен, мойымады. Өршіл рухы, ғылымға деген сенімі хәм ұстанымы демеу болды. Қара қылды қажар жарар тұрашылдығымен, ғылым әлемінде өзінің қолтаңбасын қалдырды.

«Жүрген соң бауырында күнде көріп, таулардың биіктігі байқалмайды» демекші, өкінішке қарай көзі тірісінде ғалымның еңбегі еленбеді, құрметке бөленбеді. Тым болмағанда «Жетісу облысының Құрметті азаматы» немесе «Жамбыл облысының Құрметті азаматы» сынды атақтар берілсе де артық етпес еді. Қайткен күнде де жаһан түркологтарын мойындатқан ғалым артына ескірмейтін ескерткіш қалдырды. Дүние кумады, абырой жинады. Археология саласында қазақ қызының қайраткерлік үлгісін көрсетті. Иә, келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанғанына да 40 күн болыпты. Қош болыңыз, ғалым-ұстаз!

Назгүл ҚАДІРІМБЕТОВА,
PhD докторы.



ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – 800

«ТАРИХЫМЫЗДЫ БІЛМЕУ – ҮЛКЕН АЙЫП»

Қазақ хандығының түп тамыры, бастау көзі – Жошы ұлысы

Алматыда Ұлттық кітапхана қабырғасында Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұйымдастырған Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған «Шығыс дереккөздеріндегі қазақ мемлекеттілігінің феномені» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Досбол
АТАЖАН



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Іс-шараға Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Дүкен Мәсімханұлы бастаған қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілерден бөлек, шетелдік мамандар онлайн қатысты. Атап айтқанда, Жапонияның Ричумейкан университетінің аға ғылыми қызметкері Кайхе Айсиногоро, М.Драгомонов атындағы Украина мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Ярослав Пилипчук, Омбы мемлекеттік университетінің қызметкері Евгения Кулагина және басқа да ғалымдар конференцияда өз баяндамаларын оқып, Жошы ұлысы туралы зерттеулерімен бөлісті.

Дүкен Мәсімханұлы конференция барысында Жошы ұлысының 800 жылдығын

ел көлемінде атап өтудің маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, тарихи датаға арналған республикалық іс-шаралар той тойлау мақсатында ұйымдастырылмайды.

– 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласы жарық

көрді. Сол мақаласында Президент бүгінгі заман талабына сай, азат санамен, қателіктерден арылған, шетелдік тың деректермен толыққан жүйелі жаңа сападағы Қазақстан тарихын жазу туралы мәселе көтерген болатын. Кейін осы ұсыныстың негізінде Қазақстан тарихының 7 томдығын жазу

туралы шешім қабылданып, одан бері қарай Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайдың өткен жылғы отырысында Жошы ұлысының 800 жылдығын мемлекет көлемінде тиынақты түрде атап өтуге тапсырма берген болатын. Биыл сонымен Жошы ұлысының 800 жылдығы республика көлемінде аталып өтуде. Бірақ бұл той тойлау, ас ішіп, аяқ босату деген сөз емес. Шын мәнінде, Қазақ хандығының түп тамыры, бастау көзі Жошы ұлысы екенін негіздеу, – деді ол.

Халықаралық конференцияда Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жанындағы тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталықтың директоры Меруерт Әбусейітова «Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерделеудегі жаңа тәсілдемелер» атты баяндамасын оқып, тарихты зерттеудің маңыздылығын айтты.

– Жалпы, осы дәуірден қалған тарихи жәдігерлер мен деректер көп емес. Бірақ бұл тек эзирге, өйткені археологтарымыз бен тарихшыларымыздың зерттеулері тың деректерді анықтап жатыр. Біз қазақтар – Жошы хан мен оның ұлысының ұрпақтарымыз. Сондықтан өз тарихымызды білмеу – бұл біз үшін үлкен айып болады, – деді Меруерт Әбусейітова.

НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ – 120

ОЛАРҒА ОРАЛЫП ОТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

Ұрпағының ана тілін білмегендігі үшін халықтан кешірім сұраған бірінші қазақ, үкімет басшысы Нұртас Оңдасынов шығар. Бұдан артық ерлік бола ма?

ОЙ БАҚПАЙ,
ҚОЙ БАҚҚАНДА...

Баспасөзден аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновқа Ақтауда мектеп атын беріп, мүсінін орнатқаны жөнінде оқып қуанып қалдық. Аталмыш шараның өтуіне, мүсінін орнатылуына демеушілік жасаған азаматтың бірі ұлтжанды, мемлекетшіл, қоғам қайраткері Бекет Тұрғараев екенін де білдік. Реті келгенде Бекеннің қазақтың айтулы тұлғаларын қастерлеп, әрдайым атын жаңғырттып жүретінін де айта кеткеніміз артық болмас.

Әрине, тұлға туралы олардың мерейтойын күтіп отырмай-ақ, әр кезде ой толғап отыру дағдымызға айналса, тіпті ғанибет болар еді ғой.

Нұртас Оңдасынов 34 жасында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі болған адам. Оның Қонаевтың өсуіне де тікелей ықпалы болған.

1946 жылы Оңдасыновтың тікелей ықпалымен Ұлттық Ғылым академиясы құрылды. Әрине, мұндай мәртебелі орынға Мәскеу өз адамын қояры белгілі ғой. Міне, мұндай саясаттың ықпал-жықпылын күні бұрын сезіп отыратын сұңғыла Оңдасынов бұл орынға Қаныш Сәтбаевты ұсынады және сол жолда жанкешті жұмыс жасап жеңіп шығады. Бірде Қостанайдың алыс ауылында жолаушылап жүріп батпақтан мүсін жасап отырған бір балақайды көріп, келер жылы Алматыға алдырады. Сол бала кейіннен Алматыдағы Абай ескерткішін сомдаған, қазақтан шыққан тұңғыш мүсінші болып тарихта қалған Хакімжан Наурызбаев еді. Бұл кісінің арқасында қаншама таланттың бұлақ көзі ашылды. Олар туралы айтатын болсақ, арнайы мақала жазуға болады. Солардың бірі – Әбіш Кекілбайдың сұхбатында айтқан сөзіне ден қойсақ:

«Орталық Комитетте жұмыс істейтін едім. Бір күні қабылдауыма бір үлкен кісі келді. Әуелде танымай қалғаным рас. Бұл кісі бар қазақтың жанашыры болған Нұртас Оңдасынов еді. Осы кісіні көргенде жас күніміздегі бір ақылсыздау жағдай есіме түсті.

Мектеп бітірген соң бәріміз мал бағуға барамыз деп бастама көтеріп, шуылдап жат-



(Фото: anatili.kazgazeta.kz).

қанда «Мал болса, бағатын адам табылады, сендер оқыңдар деп бәрімізді оқуға жіберіп еді», – дегені бар еді Әбекеннің.

Сонда деймін-ау, не деген көрегендік десеңші. Сол кеткеннен мол кетіп, ой бақбай, қой бақса Әбіш қандай болар еді. Қазақта Әбіштей дана болар ма еді, жоқ па еді. Міне, талантты тай кезінен тану, демеу деген осындай болса керек.

Ол ең алдымен ары таза, адал адам болды, осы елге болсын деп еңбек етті, соның дәлелі ретінде ол кісі жөнінде іргелі зерттеу жүргізіп, оқылымды кітап жазған белгілі қаламгер Гүлсім Оразәліқызына берген соңғы сұхбатынан үзінді келтіре кетсем деймін.

**«БАЛАМ, МЕН ҮШІН СЕН
ЕШҚАШАН, ЕШКІМНІҢ
АЛДЫНДА ҰЯЛМАЙСЫҢ!»**

– Айналайын Гүлсім, менің үш өтінішім бар, бұрын да саған айтқанмын. Біріншісі, Гурьев облысынан зейнеткерлікке кеттім, Мәскеуге көштім, ел-жұртты үнемі сағынып жүрмін. Бірінші қателігім – Алматыға көшпегендігім. Екінші қателігім – сөздіктерімді жалғастыратын өзіме шәкірт дайындамадым. Ал қазақ тілінің ішінде әлі қаншама сөздер бар, төркіні табылмаған. Үшінші қателігім – әрі үлкен қателігім – балаларымның қазақ тілін білмеуінде. Әйелім орыс болды да, ба-

лалар анасының ықпалында кетті. Ұлттық дәстүр, салт-сананы бойларына сіңіре алмады. Бұл үшін халқымыз алдында кінәлімін, кешірім сұраймын! (Баласының ана тілін білмегендігі үшін халықтан кешірім сұраған бірінші қазақ басшысы Нұртас Оңдасынов шығар. Бұдан артық ерлік бола ма?). Сені іздеп, күткендегі мақсатымды енді ұққан боларсың, балам?! Менің жазғандарымның бәрі қазақ тілінде, оны түсініп, соңына түсетін менде бала жоқ. Ендігі жерде менің артымда қалып бара жатқан қолжазба-құжаттарыма сен ие бол! – деді де, баспада жатқаны бар, қолында дайындап отырған кітаптары бар, бәрін тізіп, қадағалауымды сұрады.

...Шынымды айтсам, мынадай аманат аламын деп ойламаған мен қорқып кеттім. Не деп жауап қатарымды білмей, үнсіз отырып қалдым. Үнсіздігімді ұнатпаған Нұртас аға: «Балам, мен үшін сен ешқашан, ешкімнің алдында ұялмайсың!», – деді. Қараңызшы, мұндай сөзді айту үшін қаншалықты таза, ұятты, арлы болу керектігін ұға аламыз ба біз?! Бұл сөзді екіншісі бірі айта алмайды. Шынайы айтқаны сондай, күні бүгінге дейін үні де, суалып, сарғыш тартқан жүзі де, бар үмітім жанары артып, «бұған не дейсің?» деген сұраулы көзқарасы да дәл бүгінгідей жадымда. Егер пендешілікпен біреулер Оңдасынов туралы балдыр-батпақ, дәлелсіз, дәйексіз бірнәрселер айтып жатса, оларға емес, Нұртас атамның ақырғы, ақтық сөзіндей болған осы бір ауыз сөзіне сенемін, – дейді Гүлсім ханым.

**ҚОЛЫ ТАЗА, АРЫ ТАЗА,
ЖҮЗІ ТАЗА**

Бүгінде өткенге негізсіз топырақ шашу да кездесіп қалады. Осының бәрі халқымыздың тарихында заманның сұрапыл кезеңіне де қарамай, еліне адал қызмет етудің жолын тапқан тұлғалардың өмірін оқып-білмегендігімізден деп білу керек. Болмаса бір ғана Оңдасыновтың өмірі, оның халқына деген адал махаббаты, тазалығы бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнегеге тұнып тұрған жоқ па?! Ол үшін солардың өмірін оқу, солардан үйренуді мектептен бастаса қандай ғанибет болар еді. Олай дейтін себебім, отансүйгіштік, патриотизм біз жиі айтатын ұлттық құндылықтарға бара-бар қасиеттерді көктен іздеп әуре болмас едік ғой.

Кезінде Мәскеу тәрізді озбыр орталықтың нұсқауын мүлтіксіз орындаған шенеуніктердің де қазақ ішінде аз болмағаны белгілі. Тіпті, солардан тұлға жасауға талпынатынымыз да жасырын емес ғой. Міне, солар үшін үлгі – Нұртас Оңдасынов.

Бұл кісінің кейінгі өмірі сол озбыр орталықтың астанасы Мәскеуде өткені белгілі. Оны Гүлсім қарындасына айтқан әңгімесінен де аңғаруға болады. Алайда, оны сол кездегі сұрқия саясат Мәскеуге отбасы жағдайына байланысты көшті дейді. Мүлдем олай емес. Оған тереңірек қарау керек. Сол тұстағы сұрқия билік оны зейнет жасына жеткізбей қызметтен алып қана қоймай, өзінің пікірлестерінен, ортасынан да алыстатуды көздегенін бағамдау қиын емес. Мұндай ірі, ықпалды тұлғаны Мәскеуге өз қолында ұстау, уысынан шығармау тиімді еді. Сондықтан оның зейнеткерлікке шыққан соң Алматыда тұрсама деген арманыр көзге аспады. Аяулы тұлғаның көкірегін кернеген арманы көп болған. Оны жоғарыда Гүлсімге айтқан әңгімесінен де аңдатты.

Ол қашанда талантты, дарынды жастарды қолдап, қамқорлық жасап отырған. Соның бірі Әбіш екенін айттық. Жарықтық осы бағыттағы ойын да бүкпесіз айтып кеткен екен. «Оңтүстік облыстарда аса дарынды, сондай қабілетті жігіттер болды. Мен соларды қызмет барысында өсіре алмадым. Себебі, сені «жершіл, рушыл» деп айта ма деп те қорықтым. Оның несін жасырайын. Ал қызметпен қоштассақ, ел үшін атқарсам деген талай шаруа кейінге қалғалы тұр» деп те мұның шаққан екен жарықтық. Өмір жолы нағыз «тар жол, тайғақ кешу» кезеңіне тап келген оның Хрущевтермен жағаласып істеген ерліктерін ашып, қопарып жазатын сәт әлі де алда деп білеміз. Осынау ұлт үшін, ел үшін тазалықтың, даралықтың эталоны болған Нұртас Дәндібайұлының артында қалған мына бір сөз мемлекеттік қызметтегі әркімнің, қай кезде де ойында жүруі керек деп ойлаймын.

«Мен үш нәрседен тазамын. Біріншіден, сонша жыл ел басқарып отырып біреуге нақақтан-нақақ жала жауып, қиянатқа барған емеспін, біреуден бір сом да пара алған емеспін – қолым таза! Екіншіден, 1937-1938 жылдардағы қаралы күндерде боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін – арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген емеспін – жүзім таза!».

Айтайын дегенім, осындай тұлғалы адамдардың өмірі, өнегесі, тағылымы туралы жиі жазуды қолға алуымыз керек. Кім де болсын өткеннің қателігінен үйренеді. Тұлғалы адамдар сан қырлы, тағдырлы келеді. Біз сол тағдырдың зерттеушісі болуымыз керек.

Біз оларға жиі оралып отыруымыз керек.

Қали СӨРСЕНБАЙ.



ОҢАЛТУ

Алматы қаласында, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде ITMLab жобасы аясында алғашқы Хакатон өтті. ITMLab жобасы аясында өткен шараның маңыздылығы сол, ол мүгедектігі бар адамдарды оңалту саласындағы жаңа дәуірді дамыту үшін технологиялар, кәсіпкерлік және ғылым саласындағы Қазақстанның ең үздік жобаларын біріктіруімен ерекшеленеді.

МҮМКІНДІКТЕР
АЛАҢЫ

Бүгінгі таңда Қазақстанда 750 мыңға жуық мүгедектігі бар адам тұрса, осы санаттағы азаматтарды қоғамға барынша тарту үшін қазіргі заманғы техникалық оңалту құралдары, сондай-ақ олардың күнделікті міндеттерін жеңілдететін құралдар қажет. Сондықтан бұл сала өзектендіруді және жаңа, креативті тәсілдерді енгізуді талап етеді. Сондай-ақ, бұл жобаға ITeachMe «Шеврон» компаниясы мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қолдау көрсетіп отыр. Қолға алынып отырған ITMLab жобасы бұл мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартатын идеяны жүзеге асыруға берілетін мүмкіндік. Бұл барлық қатысушылар үшін өз идеяларын көрсетіп қана қоймай, қазіргі Қазақстан тарихына өз үлесін қосуға, сонымен қатар 1 000 000 теңге көлеміндегі гранттың арқасында идеяларды жүзеге асыруға беріліп отырған зор мүмкіндік. Сондықтан сіздерді жаңаша идея, жаңа жобамен қуантады деп үміттенеміз, — деді Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ проректоры Ержан Күдөков.

Аталмыш жобаның бірінші кезеңінде мүгедектігі бар азаматтарға күнделікті өмірде және оңалтуда кездесетін қиындықтарды анықтау тұрғысынан республикалық сауалнама жүргізілді. Сауалнама негізінде зерттеу жоба жұмысының және Хакатондарды жүргізудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Хакатон аясында қатысушылар тәжірибелі тәлімгерлердің басшылығымен инновациялық шешімдерді дамыта отырып, командаларда жұмыс істеп, өзара тәжірибе алмасты. Жалпы, Хакатон — бұл динамикалық және түрлі жобаларды жүзеге асыратын алаң болады. Әрі мұнда әрбір қатысушы технологиялық инновациялар арқылы қоғамды жақсартуға бағытталған жобалармен жұмыс жасау арқылы өзінің білімі мен дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады. Негізгі жұмыстан басқа, қатысушыларды бай нетворкинг күтеді. Қатысушылар технологиялар саласындағы пікірлестер мен кәсіпқойларды да осы алаңнан кездестіре алады. Озық тәжірибе алмасып, IT-индустрия мен инновациядағы өзекті трендтерді талқылай алады.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН

Қ.А.Ясауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында 16–20 қыркүйек аралығында «Тілім менің — тірлігімнің айғағы!» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шараға 1–4-сынып оқушылары, мектеп, кітапханашылары, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері қатысты. Жоспар бойынша 16 қыркүйек күні апталықтың ашылуы электронды түрде өткізілді.

17 қыркүйек күні 2-сыныптар арасында «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында сайыс өткізілді. Сайыста қатысушы өзінің оқыған әйгілі бір кітабын достарына қызықты етіп жеткізу, яғни жарнамалады. Сайысқа әр сыныптан бір оқушы қатысты. Оқушының ойын толық жеткізуі мен жасалған презентациясы-

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРЛЕРІ

Малайзия, Қытай, Польша және Германияда тағылымдамадан өтеді

Алматы балабақшаларындағы 40 үздік басшы мен әдіскер Малайзия, Қытай, Польша және Германияның жетекші білім беру мекемелерінде тағылымдамадан өтеді. Мұндай мүмкіндік 2025 жылға дейінгі мегаполисті дамытудың Жол картасы аясында Алматы әкімдігі жүзеге асыратын қалалық мектепке дейінгі ұйымдар мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша ұсынылып отыр.

23–27 қыркүйек аралығында FACETS технологиясы сияқты педагогтардың жұмысын бағалаудың инновациялық әдістерімен танысу және АҚШ-та қолданылатын Монтессори жүйесінің ерекшелігін зерттеу бойынша шетелдік сарапшылардың қатысуымен дәрістер, шеберлік сағаттары мен воркшоптар өтеді.

Қытай мен Малайзиядағы тағылымдама аясында үздік әдіскерлер тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне бағытталған оқу бағдарламаларымен таныса алады. Мақсат қою және тиімді оқытуға ықпал ететін білім беру ортасын ұйымдастыру әдістеріне, сондай-ақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына басты назар аударылады.

Польша мен Германияда мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті тәсіл моделіне және стратегияларына көңіл бөлінеді. Соны-



мен қатар, қатысушылар мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогтардың кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруға маманданған жетекші білім беру орталығы болып табылатын Fröbel мектепке дейінгі мекемесінде «тағылымдама күнін» өткізу мүмкіндігіне ие болады.

Айта кетейік, мектепке дейінгі ұйымдар мамандарының біліктілігін арттыру жобасы 2023 жылы басталып, 2305 балабақша педагогын қамтыды. Биыл 5 тамыздан бастап

мектепке дейінгі ұйымдардың бес санатындағы 440 қызметкер үшін оқу басталды.

Алматының мектепке дейінгі мекемелер мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы педагогтардың кәсіби дағдысын дамыту арқылы білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған. Бұл өз кезегінде қаладағы мектепке дейінгі білім беру сапасын айтарлықтай арттырып, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ТЕХНИКАЛЫҚ КӘСІП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында кәсіптік білімді реформалаудың экономиканы дамытудағы рөліне айрықша тоқталып, алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Сонымен қатар, ендігі жерде техникалық және кәсіптік білім жүйесінің қаржылық моделі де жаңартылатын болды. Бұл сөз жоқ, жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыру жолындағы алғашқы қадамдар.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ
МӘРТЕБЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Негізінен, жұмысшы мамандарын техникалық және кәсіптік білім ұйымдары даярлайды. Сондай оқу ордасының бірі — қаламыздағы «Алматы автомеханика колледжі». Бүгінгі таңда мұнда 800-ден астам студент білім алып жатыр. Олар колледж базасында автокөлік техникасы, қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, токарлық, дәнекерлеу ісі сияқты мамандықтарды игеруде. Әсіресе, студенттердің дені ТЖО (СТО) мамандығын үйреніп, ментергілері келетін көрінеді. Өйткені, бұл сала қаржылық жағынан да, жұмыс табу жағынан да қолайлы.

Колледж басшысы Темірбек Рахмановтың

айтуынша, мұнда оқуға түскісі келетіндер емтихансыз, тегін қабылданады. Оған қоса, шәкіртақысы бар, бір мезгіл ыстық тамақпен де қамтылады. Қалада түрлі өндіріс орындары мен кәсіпорындар өте көп. Сондықтан жұмыс берушілер тарапынан ұсыныстар да көп көрінеді. Оқуға түскендер колледждегі оқуымен қатар, үш жыл ішінде өндірістік тәжірибеден мекемелерде дуалды оқыту бойынша жұмысқа орналасуларына да мүмкіндіктері қарастырылған. Жалпы, аталмыш колледжді бітірушілердің 15 пайызы білімдерін әрі қарай жалғастырса, қалғандары дерлік жұмыспен қамтылады.

«ТІЛІМ МЕНІҢ — ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ!»

Айгүл АЛМАБАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
№123 мектеп-гимназиясы
директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары.

на мән берілді. Нәтижесінде 2 «а» сынып оқушысы Еркінбек Еркежан 1-орын, 2 «в» сынып оқушысы Өнерқан Ералы 2-орын, 2 «г» сынып оқушысы Зиятқызы Раяна 3-орын алды. Мадақтама қағазымен марапатталды.

18 қыркүйек күні 4 «а», 4 «з» қазақ тілі сыныптарында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабаққа қатысқан әрбір ұстаз өзіне керегін алып, қажетін түртіп отырды. 4 «а» сыныбының сынып жетекшісі Самал Жасарқызы оқушыларына тілдің мәртебесінің биік екендігін түсіндіріп, мақал-мәтелдерді айтқызып, ұлттық құндылығымызға аса мән берсе, 4 «з» сыныбының сынып жетекшісі Гүлбайра Байтуова апай өзінің тың әдістерімен, оқушыларының шапшаңдығымен қоса, жүйелі тапсырмаларымен жас мамандарға



өзінің еңбек тәжірибесімен бөлісті. Мектебіміздің алдыңғы қатарлы ұстаздары екендігін тағы да көрсетті.

19 қыркүйек күні 3-сыныптар арасында «Жүзден жүйрік» тақырыбында зияткерлік ойыны өтті. Сайысқа әр сыныптан 1 оқушыдан қатысты. Сайыс жалпы үш кезеңнен тұр-

ды. Бірінші кезеңнен қажет ұпайды жинай алмаған қатысушы екінші кезеңге өткізілмеді. Сайыс солай өз жалғасын тапты. Нәтижесінде 3 «д» сынып оқушысы Кеңесбай Кәусар 1-орын, 3 «б» сынып оқушысы Сариев Аслан 2-орын, 3 «ғ» сынып оқушысы Азымқұл Ясина 3-орын алды. Оқушылар мақтау қағазымен мадақталып, марапатталды.

20 қыркүйек күні 4-сыныптар арасында «Өзге тілдің бәрін біл...» атты интеллектуалдық ойын өтті. Сайысқа әр сыныптан бір оқушы қатысты. Сонымен қатар, ағылшын және орыс тілі пән мұғалімдері өз үлестерін қосты. Сайыста қатысушының шапшаңдығы мен жан-жақтылығына аса мән берілді. Бұл сайыста қатысушы берілген тапсырмаларды үш тілде, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде орындауы қажет болған. Сайыс нәтижесінде, 4 «ә» сынып оқушысы Бейсен Акерке 1-орын, 4 «е» Рысқожа Асылхан 2-орын, 4 «б» Рысменді Нұрлан 3-орын алып, мақтау қағазымен марапатталды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

Камералдық бақылау нәтижелері

Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 1 317 624 832,2 мың теңге сомасына 28 816 мемлекеттік сатып алу рәсімін камералдық бақылаумен қамтып, 148 590 174,3 мың теңге сомасына бұзушылықтарды жою туралы 3805 хабарлама жолдады.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде жиі жол берілетін бұзушылықтар әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін жоғары және негізсіз талаптар мен шарттарды белгілеу, сондай-ақ, қатысушылар шеңберін тарылтатын жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын, сатып алу нысанының сипаттамаларын көрсету болып табылады.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, тапсырыс берушілер тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдауға көбінесе тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік емес тәсілмен сатып алу жағдайының ерекшелігін растайтын тиісті негізсіз жол беріледі.

Мерзімінде орындалмаған хабарламалар бойынша ҚР ӨҚБТК-нің 462-бабына сәйкес жалпы сомасы 1246,1 мың теңгеге әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды. ҚР ӨҚБТК-нің 207-бабына сәйкес жалпы сомасы 20 250,6 мың теңге. Жасалған хаттамалар бойынша барлығы 21 496,7 мың теңге өндірілді.

Мемлекеттік аудит нәтижелері

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2024 жылдың 8 айында есепке 26 аудиторлық іс-шараны, оның ішінде ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес – 19 және бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бойынша 7, оның ішінде 2024 жылға арналған тізбе бойынша жыл – 3, 2023 жылға арналған тізбе бойынша (2024 жылға ауысатын) – 4 объект енгізді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 188 697,0 млн теңгені құрады, оның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар 640,9 млн теңге;
- рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 188 056,8 млн теңге, оның ішінде 3600,8 млн теңге сомасына Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзу.

Есепті кезеңде Департамент қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп, жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарларды жеткізу бойынша 131,8 млн теңге қалпына келтірілді (көрсетілді).

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті 24 ұйғарым шығарды, оның ішінде 9 объекті бойынша орындау мерзімдері жақындады, 8 немесе 88,9% орындалды, 15 объекті бойынша орындау мерзімдері келмеді.

2024 жылдың 8 айында Департамент 78,8 млн теңге сомасына 701 әкімшілік іс қозғады, оның ішінде бюджетке 75,3 млн теңге немесе 95,6% сомасында өндіріп алынды.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нұсипбеков к-сі, 32, 1-кабат, 106-кеңсе.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРҒАН ТҰЛҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ІЗДЕУ ЖАРИЯЛАУ

Баланы асырау – ата-ананың заңмен бекітілген міндеті, бұл жерде ата-ананың некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы маңызды емес.

Қазіргі таңда елімізде жауапкершілік танытпайтын ата-аналардың баласына төлемей жүрген алименті үлкен мәселелердің бірі болып отыр. Алименттер ай сайын ата-анасының еңбекақысынан немесе өзге табысынан заңмен белгіленген мөлшерде төленуі тиіс.

Жұмыс істемейтін борышкердің төлеуге міндетті алимент мөлшері ҚР-ның орта жаалақы мөлшерімен есептеледі. Құзырлы органдар тарапынан небір амалдар жасалып жатса да, өзгенің тәрбиесінде қалған баласына қарайласпақ түгілі халін сұрамайтын әкелердің саны азаяр емес.

Алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерге қатысты жұмыстар, яғни жұмыссыз борышкерлерді жұмысқа орналастыру, берешегі көп борышкерлерді әкімшілік жауаптылыққа тарту, олардың атына тіркелген жылжитын және жылжымайтын мүліктерге тыйым салу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, ҚР-ның атқарушылық із жүргізу заңнамасының мәжбүрлі түрінің бірі алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерге іздеу жариялау.

Атқарушылық қағазын орындап отырған сот орындаушысы алимент төлеуден жалтарып

жүрген борышкерге қатысты өндіріп алатын заттай немесе жұмыс орнының, тұрғылықты мекенжайының болмауына орай немесе борышкерге қатысты қандайда бір ақпараттың болмауы салдарынан іздеу жариялау туралы іс-әрекеті қолданылады.

Сот орындаушысы борышкерге қатысты іздеу жариялау туралы қаулысын шығарып, кейін прокурормен санкцияланады, одан кейін іздеу қаулысы орындауға аймақ бойынша көші-қон полиция қызметіне жолданады.

Көші-қон полиция қызметі, келіп түскен қаулыға сәйкес алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерге қатысты іздеу жариялап, оны табу мақсатында тиісті жұмыстар атқарады.

Борышкер анықталған жағдайда, көші-қон полиция инспекторы одан атқарушылық іс бойынша жалтармайтыны туралы міндеттемесін және түсініктемесін алады.

Кейін, іздеуге берген сот орындаушысына, борышкердің қарызын өндіру мақсатында оның мекенжайын көрсете отырып, толық хабарлама жолданады.

Сондай-ақ, борышкерлер өз міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарап, алиментін уақытылы төлеуге міндетті екендігін, бұл талаптар орындалмаған жағдайда оларға қатысты заңмен әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделгенін естен шығармауы қажет.

**А.АҒЫБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕК-ның
Алматы қаласы бойынша
департамент бөлімінің
аға прокуроры.**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.**

ГАЗЕТТИ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША

ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777078 53 48, 8 7472041970
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 260 (жұма)

Кезекші редактор – Естай БОЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ17ВРУ00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCXz3M2xrJCHx6B8r1JggyqeA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/aqshamy.official



twitter.com/aqshamy_kz

ДОСТЫҚ ПЕН ІЗГІЛІК



Тамыры бір, тағдыры бір
Түркі әлемі!

Алматыда жас ақындардың халықаралық поэзия фестивалі басталды

Қоңыр күзде Алматыға жыр шумағын ғана емес, жылы шуағын ала келген поэзия мерекесі басталды. Жетісу ауданы әкімшілігі аумағындағы «Поэзия аллеясында» бастау алған түркі әлеміндегі жас ақындардың халықаралық поэзия фестиваліне Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан және Түркіменстанның жас ақындары келді. Аталмыш фестивальге ТҮРКСОЙ ұйымы, Алматы қаласы әкімдігі мен «Тұлға-Достық» қоғамдық қоры қолдау көрсетті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Поэзия фестивалін қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев құттықтау сөзімен ашты.

— Біз өте қуаныштымыз. Қонақжай қазақ топырағына рухани жылылық, достық пен ізгілік ала келдіңіздер! Өткізіліп отырған фестивальдің басты мақсаты да осы — түркі әлемінің бірлігі мен мәдениетін нығайту, жас ақындардың шығармашылық көкжиегін кеңейту емес пе? — деп Ғани Айдарұлы өзінің ізгі лебізін білдірді.

Фестиваль барысында ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Түркі мемлекеттері Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, Қырғызстан Жазушылар одағының төрағасы Қаныбек Иманалиев, қоғам қайраткері, танымал суретші Аманқос Ақанаев, меценат Ұзақбай Айтжанов жүрекжарды тілегін айтып, сөз сөйледі.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Күздің алғашқы айы – қыркүйек те бітуге таяу. Бұл айды бұрынғылар жылауық ай деген. Міне, Қазан есікті қағып тұр. Бұл күздің қаһарлы айы. Ұйтқыған дауылы, өрекіпген қара желі бар, тұщы шөптердің құрайтын, ащы шөптердің тұшитын кезі.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

23 қыркүйекте күн мен түн теңелді. Екі күннен кейін Қазан айы кіреді. Бұл айды бозқырау, күзем айы деп те атайды. Бұл атаулар осы айдағы ауа райы мен атқарылатын шаруаға қатысты қойылса керек.

Су салқындап, жылқы шыбын-шіркейсіз, сүліктен қауіпсіз жайылады.

Жылқының түгі жылтылдап, өзі кутыңдап, нағыз қоң жинайтын кезі осы.

Құстар жылы жаққа – мекеніне оралса, малшылар қойдан күзем алуды, күзекке көшуді бастайды. Сүмбіле жұлдызы туды. Енді суда сүлік өледі.

Бие ағытылып, күздік сойылады. Оңтүстіктің қазақтары осы кезде «Жаубүйрек» жеуді дәстүрге айналдырған. Мұның мәнісі – тамыздың аяғында ешкі әбден семіріп, бүйрек майы бітеуленеді екен. Міне, қазекен осы кезде «қойға ешкі теңелді» деп, ешкінің етін жейтін болған. Шілденің 25-теріне басталған күздік сою қазан айының аяғына дейін жалғасады.

Жауын көп болуы салдарынан күн салқын тартады. Қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Пісіп үлгермеген көкөніс пен егін суыққа ұрынса, халық оны «қазан ұрды» дейді.

Қазан сөзінің бірнеше мағынасы бар. Қазан – ауыртпалық, «қазан ат» – жауға мінетін ат, қазан – ас пісіретін ыдыс, қазан –

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

АЛАТАУДАН АНАДОЛЫҒА
ЖЕТКЕН ӘН

Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық, экономикалық, мәдени достық байланыстарының 33 жылдық құрметіне орай Алматы қаласы, Алатау ауданының ардагерлер құрамынан жасақталған «Халықтық» ансамблінің мерекелік концерті Стамбулдағы Түрік әлемі мәдениет ауданында жоғары деңгейде өтті.

Стамбулдағы Мәдениет және сауда орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға Қазақстанның осы қаладағы Бас консулдығы және Түркі мәдениеті халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) қолдау көрсетті.

Қазақстан–Түркия достық концерті бағдарламасын тамашалауға 500-дей адам жиналды. Жақында ғана «Халықтық» ансамблі атағын алған өнер ұжымының аты Республикаға кеңінен танымал.

Концерттік бағдарламада Қазақ Бас Консулы Нұриддин Аманқұл, Зейтінбұрын ауданы губернаторы, доктор Адем Услу, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы, алғашқы қазақ консулы Ержан Уәйіс ТҮРКСОЙ департаменті басшысы Санжар Мулазимоғлу, Стамбул мәдениет және мұражайлар дирекциясының өкілі, орталық директоры Абдулметин Кескін және тағы басқалар құттықтау сөз сөйледі. Құрметті қонақтарға қазақ халқының ұлттық шапаны кигізілді.

30 адамнан тұратын ұжым мүше-



лерінің ең үлкені 87 жаста болса, ең кішісі 65 жасқа аяқ басты. Бұл ұжымдағылар арасында бұрын мәдениет, оқу орталықтарында ұстаздық жасаған әртүрлі кәсіп өкілдері бар. Жыл сайын Қазақстанның барлық облыстарында және Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде, АҚШ-та, үстіміздегі жылы Париж қаласында ЮНЕСКО бағдарламасына енген концертте өнер көрсетіп, еуропалық көрермендердің қошеметіне ие болған. Олардың ішінде 85 жастағы Тұраш Шыныбекова, Сахан Таубалды, Қанат Ақман, Манкира Сейілханова, Қилымхан Көкей, Қынарбек Әділбек және тағы басқа да өнер майталмандары бар.

Өнерлі ардагерлер ұжымына ТҮРКСОЙ бас хатшысы Сұлтан Раевтың құттықтауын жеткізген Санжар Мулазимоғлу өнер нелерінің әрқайсысына жеке-жеке Алғыс хат тапсырды.

«Халықтық» ансамблінің Стамбул-

дағы мәдени іс-шараларын ұйымдастырған Қазақстан мәдениет және сауда орталығы атынан JS холдингінің төрағасы Ғанимет Ғайсаның және Асия Тілеуханның Алғыс хатын және естелік сыйлықтарын табыстады. Стамбулда тұратын зиялы қауым өкілдері, диаспора мүшелері, қазақ, өзбек, қырғыз, әзербайжан және түркімен қоғамдық ұйымдарының жетекшілері, Түркия БАҚ саласының мамандары, Қазақстан ҰТА тілшісі Айдос Ашим, «Шаңырақ» орталығының ұжымы қатысты. Өнер иелері қазақ, түрік, қырғыз, француз, итальян және ағылшын тілдерінде ән шырқады.

Осы кездесудің барлығын ұйымдастырып басы-қасында жүрген Ержан Уайс мырзаға алғысымыз шексіз.

Алуа АБИЛТАЕВА,
Алатау аудандық 14 аймақтық бастауыш ардагерлер кеңесінің төрайымы.

«Қ А З А Н»

Бозқыраудың басы: ұйтқыған дауылы, өрекіпген қара желі бар, тұщы шөптердің құрайтын, ащы шөптердің тұшитын кезі, күздің қаһарлы айы



үзеңгінің бір түрі, қазан – шолақ зеңбірек, қазан мен қаза – өлім. Қазандағы ауа райы жаңбыр көп жауып, күн салқын тартады. Кейде қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Қазанда таразы туып, таң суытады.

Қазан айының 9–14 жұлдызында «Қара-жел амалы», 19–24 жұлдызында «Бұғы мүйіз амалы» кіреді. Қазан айында кіші қазан, үлкен қазан аталатын амалдар бар. Кіші қазан – 28 қыркүйектен кейін, 4-5 күн шама-сында өтеді. Күн суытып, алғашқы салқындық болады. Жиналмаған егінге, көкөніс пен бақша дақылдарына қауіп төнеді.

Кіші қазанда жел тұрып, күн аздап суытып, жаңбыр жауады. Қазақ бұл құбылысты «шөпті қазанның қағуы» дейді. Жоғарыда аталған ащы шөптерді «қазан қақпай мал жемейді. Мал өсіретін ел бұл шөптерді «қазан қақпай» шаппайды. Қазан қақпай шабылған ащы шөп малдың ішіне тиеді, ас болмайды.

Бүгін григорианша айдың соңғы аптасы (27), қазақша (ескі есеп бойынша) айдың жартысы (14), ай есебі бойынша, қыркүйектің үшінші аптасы (24). Апта айдың ортасы мен соңына дөп келіп тұр. Күн құбылуы, жаңбыр жаууы, салқындық орын алуы ықтимал...

Алдағы аптада (27 қыркүйек – 5 қазан аралығында) ауа райы құбылмалы болады. Еліміздің бір аймағында салқын болса, екінші аймағында күн ысыды, ал Алматыда тұрақсыздық орын алады: бірде ашық, бірде жауын, оқта-текте жел тұрады... Күн сол қалпы салқындықты сақтап қалады деуден аулақпыз. Алда әлі «Кемпір шуақ» амалы бар.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Қазанның қара желіне орай жасалған жорамал:

*Егер бұлт желге қарай көшсе, онда кешікпей қар жауады, бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.

*Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының ондалайын дегені.

*Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарады.

*Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.

*Бұлт көкжиектен будақ-будақ өркештене көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ, бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.